

ЖАРКЕНТ



Айнасы

№7-8 (29), 25 сәуір, сенбі, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

ЖЫР ДҮЛДҮЛІ МЕН ӘН БҰЛБҰЛЫ



Қазақ жырының «Қара жорғасы» атанған Халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаев жайлы және күміс көмей әнші, Дәнеш Рақышев жайлы несі қазақ біледі десем артық болмас. Қазақтың ақындық өнері мен әншілік өнеріне өлшеусіз үлес қосып, аттары тарихта алтын әріппен жазылып қалған өнердің қос жұлдызы жайлы біраз қалам тербейін.

Менің бұл әңгімені жазуыма түрткі болған, кезінде анам Зейнеп Үмбетәліқызынан естіген, Дәнеш Рақышевтың Үмбетәлі ауылында болып, бірнеше күн жатып, ақын атамен сырласып, біраз жыр термелерін жаттағандығы жайлы айтқан әңгімесі еді. Неге екені белгісіз анам басқа әншілерден гөрі Дәнештің әндерін ерекше ұнататын. Әрі осы атақты әншінің әкесінің үйінде көріп, өз қолымен

шай құйып бергенін де тілге тиек етуші еді. Ол кезде мен жастау болдым ба, ана сөзіне онша мән бермеппін. Дәнеш деген бүкіл қазақтың мақтанышы, ол кісіні кім білмейді дегем де қойғам. Оным әбестік болған екен. Кейін өз атам Үмбетәлі музейіне қызметке келгенде Үмбекеннің қазақтың қандай алып тұлғаларымен, өнер иелерімен шығармашылық қарым-қатынаста болғандығы жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізуге тура келді. Сонда ғана барып анамнан Дәнеш жайлы жазып алмағаным қатты өкінім. Амал не? Анам бұл күнде өмірде жоқ. Ол кісінің айтқандары ғана есімде қалыпты.

(Жалғасы 5-бетте)

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Қасенхан Сергазиевті қарсы алғанда

Мінгізді жерлестері тұлпарларын,
Қуаныш сыйласын тек әр таңдарың.
Әлемнің чемпионын күтіп алмай,
Әкімдер қайда жүрген мен таң қалдым.

Сыйлықтың үлкені – елдің елегені,
Қынжылтты биліктен жан келмегені,
Елінің бағасынан қуат алып,
Қасенхан тағы әлемді женеді енді.

Азамат, Сәбит, Берік, Мұраттарым,
Ат сыйлап дұрыс болды қуантқаның.
Баспана жайын шешсін Әкім мырза,
Жетсінші ел атынан бұл ақпарым.

Алдыңнан жарылқасын, інішегім,
Жандардың сыйласатын бірісі едің.
Қазақтың туын өрге көтере бер,
Үзбесін жерлестерің үміттерің.

Отырды әлем жұрты көзін қадап,
Ондай жан жер жүзінде некен-саяқ.
Еңбегі бағалансын Қасенханның,
Женді ғой бар әлемді, міні – сол-ақ.

Әлен ҚЫДЫРОВ

ҚАЙТПАС ҚАЙСАР ҚАСЕНХАН БАЛУАН

Жаркенттің жарты жұртының жана жыл алдында жиналған жерінде айтар жақсы жаңалығының бірі – арқалаған марапатының өзі алты атанға жүк болатын Қасенхан Қырғауылбайұлының Грузия елінің астанасы Тбилисиден ардагерлер арасында грек-рим күресінен өткен әлем чемпионатынан алтын, еркін күрестен қола медальмен орауды болды. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» деп ұрпақтың қамын жеген Абайдың, ата-ананың төбесін көкке жеткізіп көз қуаныш әкелетін де, жігерін жасытып, жүйкесін күм қылып ел алдында тоғанакқа қалдыратын да бала екендігін тап басып талдауы неткен ақиқат сөз десеніші.

Қасенханның жеңісі Жаркенттегі спорт сүйер жанкүйерлерді ғана емес, жаналыққа жаны құмар қағаз қарайтын қазақтарды, ұялы телефон шұқылап отыратын ерлер мен әйелдерді де қуанышқа бір бөлеп тастады. Қасенханның әкесі Қырғауылбай осы өңірдегі аты ел аузында жүрген аса еңбеккер, өз шаруасына ұсынақты атақты қойшы болған-ды.

(Жалғасы 6-7 бетте)

ОРЫНДЫ ОЙ

Біз бұдан былай қанша керемет болса да орыстілді қазақтың билікке келуіне қарсы болуымыз керек. Бар әлемге маскара болып біттік қой. Бізге қазақтілді билік керек. Президент, парламент, үкімет 100 пайыз қазақ тілінде сөйлеп, жұмыс жасауы тиіс.

Барлық мектептер 100 пайыз қазақ тілінде болуы тиіс.

Елде тәртіп болуы тиіс.

Жұмыссыз адам болмауы керек.

Әр адамның он сотық жері болуы тиіс.

Мемлекеттік идеология адамгершілікті, әділеттілікті, жақсы идеалдарды насихаттап, адамды бірінші орынға шығаруы тиіс.

Тұрсынбек ӘЛІҰЛЫ,

Facebook-тегі парақшасынан

Құлақтандыру

Құрметті патша көңілді оқырман! Кейбіріңіз енді танысып жатқан, кейбіріңіздің сүйіп оқитын басымдарыңызға айналып үлгерген «Жаркент айнасы» газеті Алматы қаласында басылып шығады. Еліміздегі төтенше жағдайға, Алматы қаласындағы карантинге байланысты «Жаркент айнасы» газетінің редакция мүшелері ақылдаса отырып газетті уақытша басқа баспадан шығаруға шешім қабылдады. Сондықтан да газетіміздің сәуір айындағы екі нөмірі бірігіп, қолыңызға тиіп отыр. Сіздерден кешірім сұрай отыра алдағы уақытта бұл олқылықтың орнын толтырамыз деп сендіреміз.

Редакция алқасы

ЖАРДАҒЫ ЖАПАЛАҒЫН ҮРКІТПЕГЕН

Мына фәни дүниеге келген әрбір адамды жаратушымыз өзіндік мінез-құлқымен, ешкімге ұқсамайтын өзіндік бет-әлпет, ажарымен, дауысымен, дарынымен, икем-қабілетімен, дүниедегі әрбір құбылысқа ешкімге ұқсамайтын көзқарасымен дүниеге келтіретініне таң қаласың.

Қазақстан Жазушылар және Журналисттер одағының мүшесі, Панфилов ауданының «Құрметті азаматы», «Ағарту ісінің озық қызметкері», киелі Жаркент жерінің ардагер ұстазы, ұлттың материалдық және рухани құндылықтарын дәріптеп келе жатқан «Ұлттық таным тағылымы», «Жапырағын жайған бәйтерек», «Еңкеймеген еменнің жапырақтары» атты этнографиялық еңбектердің, «Орбұлақ», «Баркөрнеу», «Елім дархан, жерім бай» атты жыр жинақтарының авторы, поэзия әлемінде өзіндік орны бар ақын Әдепхан Төреханұлы Жақыбайдың қайталанбас болмысы сан жылдар бойы елін сүйсінтіп келеді. Ауылда дүниеге келіп, кіндігі туған жерге жырмен байланып бүкіл саналы ғұмырын ауыл жұртының арасында өткізіп келе жатқан Әдепхан Төреханұлы дархан даланың перзенті. Жарық дүние есігін ашқаннан санасын, сезімін халқының рухани байлығы баурап алған жан болғандықтан көрікті ойларды жұртына көркем сөзбен кестелеп жеткізе білген жазушы. «Мен мынау байтақ жатқан даладанмын, ешкімге ұқсамайтын дара жанмын» деп шабыт шалқарында отырған кездерінде жазуына болар еді.

(Жалғасы 3-бетте)

«САҒЫНСАҢ ЕГЕР ДӘНЕШТІ, НҮРЖАННАН БАРЫП ӘН ЕСТІ...»

«Танығың келсе Дәнешті, жантайып жатып ән есті» дейтін сөзді аз-кем өзгертуіміздің сыры белгілі... Қазақтың ән өнері кеудесіне қонақтаған дүлдүл әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жанпейісовтің Алматыдағы ән мен жырдың бесігіне айналған Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында өткізген «Әнді сүйсең, менше сүй» атты жеке шығармашылық кеші талай тыңдарманның құлақ құрышын қандырып, өнер биігіне жетелегені сөзсіз. Ел басына сынақ болып келген ідеттің кесірінен сонау бір ғажап кеш жайлы қолға қаламды кейіндеу алып отырғанымызбен, сол бір ән мен күй тербелген күн жүректерді әлі де шымырлатып-ақ жүр...

Бұл кеш өзге кештен несімен өзгеше? Иә, ең алдымен Абай рухына құрмет білдіруімен ерекшеленді. Дәстүрлі әнші кеште әнді сүюдің озық үлгісін көрсетті, әнге құрметтің қалай боларын кеш тыңдармандары да ұғынып қайтты. Кеш өткізуі сирек талғампаз әншінің репертуарға тыңғылықты дайындалғаны бірден көзге көрінеді. Бұрындары орындап жүрген әндерді емес, тыңдарманның құлағынан алыстай бастаған шығармаларды орындап, халықтың әнге деген сартап сағынышын басты, өнерге деген елдің інкәрлігін асқан сезімталдықпен ұғып қойған өнерпаз ән мен күйдің інжу-маржанын тыңдарманға тандап, талғап ұсынды.

(Жалғасы 10 бетте)


АЛАШОРДАҒА ӘСКЕР ЖИЫП БЕРГЕН МЕТЕРБАЙ БОЛЫС

Жалпы қай халықтың бол-масын өткен тарихы қилы кезеңдер мен сүбелі тарихи оқиғалардан тұрады. Әр дәуірдегі осындай тарихи кезеңдер өз ауанына қарай түрлі тұлғаларды да тудырып, ел жадында есімдерін аңызға айналдырады. Олар да аталмыш уақиғалардың бел ортасында жүріп, замана дауылына хал-қадірінше қарсылық көрсетумен қатар, ел тізгінін қолдарында ұстады. Қабілет қарымы жеткенше елі, жері үшін азды – көпті қызмет етіп, есімдері ел жадында сақталып қалды. Ал, енді осы мақсатта қалам тартушы, біздер – іргелі Суан елінің атақты тұлғалары жайында сөз қозғайтын болсақ, есімі уақыт елегінен өткен Жаркент өңірінің тумасы Метербай болысқа да тоқталып өткеніміз жөн болар. Себебі, шығыс шекараның бір пұшпағын бойлай орналасқан осынау қандастарымыздың басынан небір қиын – қыстау замандар өтті ғой...

Ата салтымыз бойынша мақала кейіпкерінің шыққан тегі жайындағы шежіреге үңілер болсақ – Суан ішінде Ақша, одан Құрымбай, оның баласы Башық. Құрымбай ұрпақтарының ішіндегі айбынды, аумаққа аты шығып заманының білгірі болған осы Башық екен. Бұл кісі Жалайырдың әулиесі болған Балпықтың бірінші үлкен қызы Күнтейді, ол ерте қайтыс болып кеткен соң сіндісі Қантейді алған. Алғашқы әйелі Күнтейден Әуелбек, тағы екі бала бар, Әуелбектің ұлы Метербай болып келеді. Шешесінің сіндісі Қантейден туған інісі Болатай да жасынан саудамен айналысып, бай – бақуатты болған. Ол 1905 жылы Қажылыққа сапар шеккен, 1907 жылы аман – есен елге жеткен соң бұдан кейін Болатай қажы атанып, ол да ісі Суанның игі жақсысының бірі болған.

Нағашысы Балпық әулие, өзі де текті тұқымның ұрпағы болған Метербай байлы, бақуатты ғұмыр кешкен. Өзі сауатты, алғыр, зерек болуының арқасында замана желінің қалай соғарын алдын ала болжап, соған сай ғұмыр кешкен сұңғыла адам болыпты. Патшалық Ресей уақытында бақандай 9 жыл болыс болып ел сұрайды, жақсы қызметі үшін үш рет Николай патшадан медаль алып үлкен марапатқа бөленген.

Патша тақтан құлаған соң, Уақытша үкімет пен Кеңес билігінің алғашқы жылдары тұсында Жаркент өңірінен суырылып шығып Әлихан Бөкейханов төраға болған Алаш Орданы жақтап, ақ казактарға көмек беруден бас тартып, «Елді, жерді орысқа бермейміз!» деп қазақтың азаттығы мен бостандығы жолындағы күреске белсене қатысады. «Еліміздің азаттығы бәрінен қымбат!» деп шешкен Метербай 1919 жылы Алаш арыстарына қаржылай көмектен басқа қазақтың сайдың тасындай мықты жігіттерінен жасак құрып, адам күшімен де көмек көрсеткен



бірден-бір тұлға.

Еліне тұтқа болып, аймаққа айбыны асқан Метербай болысты большевиктік қызылдардың қудалауы 1921-ші жылғы «Жартылай тәркілеу» деген әрекеттерінен бастау алады. Жалғасын тапқан мұндай әділетсіздікке шыдамаған болыс 1922 жылы мал – мүлкін тәркілеу арқылы тартып алмақ болып екінші рет барған қызылдарға қаймықпай қарсы шығады. Ашуға булыққан Метербай меңсіз кара қойды қолындағы үш үшкір ұзын сырықпен шаншып тұрып «... осы қойдың аққан қаны сияқты, сендердің де қандарың ақсын!» деп қорқытып, малының көп бөлігін бермей аман алып қалады.

Совет өкіметінің жасап жатқан бұдан да басқа да озбырлық саясатын көріп, сол кезде құрылып байлар мен қулақтарды анықтап, олардың мал-жанының есебін алуда түрлі келенсіздіктерге бой ұрған «Қосшы» одағы мен солақай саясаттың ұйымдастырушысы болған большевиктік партияға деген сенімі кетеді. Байлығы бір басына жетіп артылатын Метербай шаруаға пысықтығымен қоса алыс – жақын қалаларға барып сауда – саттықпен де жан-жақты айналысқандығы және бар. Мәселен, Алматыдағы «Баум тоғайы» (*Бауманская роца*) 1930-шы жылдарға дейін «Мүттәйім бак» аталғандығы жайлы деректер әрекідік болса да айтылып қалады. Және де Метербай болыс Жаркент уезінен айдап әкелген малдарын осынау Мүттәйімбактың сыртында уақытша ұстап, уақыты келіп базарға шығарарда Мүттәйімбак арқылы өткізіп әкеліп саудалап отырған. Демек, Мүттәйімбак кейінгі 30 – 40 жылдар арасында Баумтоғайы (*Бауманская роца*) деп аталып кеткен болуы керек. Бейнетпен тапқан пұл мен дүниесін айдың-күннің аманында оп-оңай біреудің олжалағаны кімге де болса ауыр

тиеді емес пе...?! Басқа басқа бұндай қорлыққа ешкімге кеудесін бастырып көрмеген Метербай да шыдамай ашық наразылыққа көшеді.

Елден, жерден айырып, мал-мүлікті көп-көрінеу талауға салғаннан кейін болыс та қол қусырып қарап отырмай, керісінше кеңестік билікке қарсы үгіт-насихат жұмысын барынша жүргізеді. Сөйтіп, әділдікті іздеймін деп Кеңестік өкіметінің қырына іліккен Метербай болыс 1927 жылы қалың мал алғандығы үшін сотқа тартылып, 6 айға еңбекпен түзеу үйіне жабылады. Жазасын өтеп шыққан соң 1928 жылдың мамыр айында Ташкен Жүнісов, Мұқажан Атыев, Мұхамедрақым Тантілиев, Қойшыбек Надырбеков, Құсанов Бопак сияқты байлардың басын қосып, мал сойып жиын өткізеді.

Жиын барысында Кеңестік қызылдардың күштеп мал-мүліктерді тартып алуына қару алып қарсы тұру жайы сөз болады. Бірақ, ел екіге жарылған, біршама адам қызылдар жағында, қару тапшылығы тағы бар, сондай кедергілерді ешқандай келе бірден бір жол – қолда қалған мал-мүлікпен үдере көшіп Қытайға өтуге бірауыздан бата жасап, сертгеседі. Бәтуә бойынша ерте қозғалғандар шекара асып, өне-міне бізде арғы бетке өтеміз деп отырған сол жылдың қыркүйегінде Метербай Әуелбеков пен Жанғазы Таңқұжаевтардың мал-мүлкін тәркілеп және жер аудару туралы қаулысын қуаттайтындығы туралы тағы бір қаулы қабылданып дереу жауапқа тартылады.

Содан, 1928 жылдың қыркүйек айының 21-де аудандық байлардың мал-мүлкін тәркілеу және жер аудару жөніндегі комиссияның Бура – құжыр кеңесінің біріккен конференциясында жазылған хаттамада Кеңестік уәкіл Бүркітбаевтың Қазақ Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі қабылдаған «Ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу және жер аудару» туралы декретімен алдын ала таныстырғандығы және куәгерлердің айтқан пікірлері де қосылып берілген. Сол кездегі болыстың мал-мүлкі туралы мынадай мәліметтер архив құжаттарында сақталған.

«Алматы округінің ОГПУ Бөлімінің бастығы Ковалышкінның 1928 жылғы мәліметінде: Әуелбеков Метербай Жетісу губерниясы Жаркент уезі Қоңырөлең болысының екінші ауылының қазағы жеке өзі мен 17 жасар ұлының атындағы шаруашылығында 600 қой, 150 жылқы, 30 ірі кара және 8 түйесі және оның отбасы 8 жаннан тұратындығы, екі тұрақты тіркелген жұмысшысымен үш тіркеуде жоқ жұмысшыларының бар екендігі, сонымен қатар үш кедей отбасын пайдаланып отырғаны» туралы мәліметтер берілген.

Аталмыш жылдың қысында бүкіл Суаннан ұзын саны сексен адамды «бай», «қулақ» деп тәркілеген болатын. Сол сексен адамның ішінен Метербай болысты қорғап,

«алар малын алдыңдар, енді жасы келген адамды бала-шағасынан ажыратып жер аударғандарың жаны ашымастық қой» деп үкіметке қарсы сойлеген Көмекбай бидің кіші баласы Әлдибек еді. Амал қанша, аушылық жасап оны тыңдар өкімет болмады...

Және де солтанғұл руының азаматы, коммунист, Ақжазық ауылының шаңырағын көтеріп, уығын қадаған Кітапбек Қожагелдиев болыс тәркілеуге түскен қыс айынан кейінгі 1929 жылдың ерте көктемінде басына Метербайдың түлкі тымағын киіп, астына қызыл жорғасын мініп, тайпалтып жорғалатқан күйі Жылыкүнгедей отырған ағайыны Тілеулінің үйіне келеді. Шеке тамыры тырысып қарсы алған Төкең «Сенің өзің емес, жүрісің ұнамайды. Астыңдағы қызыл жорға мен басыңдағы түлкі тымақты тастасаңшы. Бұл жүрісіңмен ағайындас бүкіл Ақшаларды өзіңе қарсы қоясың, қарғап берген дүние саған құт болмас» дегені бар-тын. Сонда Кітапбек іркілместен: «Метербайды мен кәмпесектеген жоқпын, үкімет кәмпесектеді. Кеше ол мінген ат пен ол киген киім бүгін маған тисе, «ырыс – жұғыс» деген, оның несі ерсі? Көзім қиып атын пышаққа бергем жоқ, жиіркеніп киімін отқа өртегем жоқ. Менің бұл істеп жүргенім – ағайыным Метербайға деген құрметім!» деп жауап берген екен. Міне, осыдан-ақ, Метербай болысты Кеңес үкіметі қанша қаралап жазаласа да халық пен жаңа өкіметтің жауапты өкілдерінің арасында абырой беделінің жоғары болғандығын байқатады емес пе?...

Нәтижесінде, ауылда байлардың езгісін жою және Декрет негізінде кедейлердің саяси – экономикалық жағдайларын көтеру мақсатында: Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізгендері үшін; ұлт араздығын тудырғандары үшін; ауылдың мәдени – шаруашылығын жүргізуге кедергі келтіргендері үшін; қалың мал алғандығы үшін; тағы басқа түрлі айыптар тағылып Октябрь ауданының байлары Метербай Әуелбеков пен Жанғазы Таңсыққожаевтардың мал-мүлкін тәркілеу және өздерін жер аудару туралы қаулы қабылдайды.

Мал-мүлкі тәркіленген Метербай кейін Ресейдің Астраханьна жер аударылады. Жазасын өтеген соң 1931 жылы елге оралып, 1932 жылғы нәубетте аман қалған мал-жанымен Қытайға өтеді. Сөйтіп, арғы беттегі Құлысты Қарабұлақ деген елді мекенде тұрақтап, 1934 жылы 64 жасында дүниеден озып, сол жерге жерленген екен. Метербай болыстың баласы Орынбай ақсақал Қытайдан қайта өтіп келген соң Алматыда тұрып, өсіп – өнген. Ұрпақтары сол Алматы маңайында әлі де тұрып жатыр.

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Ұлытаудың кең бөктеріндегі тегістеу жерінде он шақты салт атты бірі – бірінен озып, біресе шауып, біресе аяндап келеді. Жер жібіп, кірбік қар астынан көктің көзі енді шығады-ау деген кез. Барлығы десе дегендей жас жігіттер. Ала-құла топ болып, бай баласы бөркімен, басқасы қу басымен дегендей мақтанып, қалжыңдары жарасып келе жатты. Сауыт-саймандары бөктерілген, анда-санда беренді темірлері сықырлап топтың артынан ілесіп келе жатқан бірнеше аттары бар.

Туған ауылдарына қозы көшпей жер қалған еді, іштері пысып, шыдамы таусылып келе жатқан жастар астындағы аттарын тебініп, шаба жөнелді. Біраз жер шауып өткен соң, аңғардағы сайдан алдынан шыға қашқан көк бөріні көріп, жігіттер жігерлене түсті. Ысқырып, бірін-бірі бастырмалатып, қаны қызу жігіттер қашқан қасқырды қуа жөнелді. Ауылдағы үлкен кісілер осы жастарға бас-көз болсын деп Абызды жіберген-ді. Абыз болса, қасындағы жастардың қасқырды қуғанын көре сала, мойнына алған міндетін ұмытып, қасқасын ұмтыла тебініп, олардың артынан қоса ілесіп кетті. Қатарласып шапқан аттар қызу шабысқа еліріп, қасқырды алдына салып, оған бұрылып қашуға мұрша бермеді. Топ ішінен суырылып алға шығып, бөріге бірінші жеткен Қарабайдың ұлы дәу-қара Қарабұға еңкейе беріп көкжалды құйрықтан іліп алып, шауып бара жатқан күйі оны артқа лақтырды. Ауада бір айналған бөрі қас тісімен «дәу-қараны» тістемек болды, алайда бос ауаны қарс қапты да жердегі ақ қарға тоңқалаң асты. Қасқыр қарға бір-екі аунап барып, тұра қашты. Сүйектері талғар, айбалтамен шапса сынбайтындай көрінетін бұл аттарға бұндай олжа бойларын сергіткенге жақсы ойын болды. Қас жүйрік бір желпінбей басыла ма?! Танауынан көк буы бұрқыраған алғыр аттар қасқырды қыршып қак бөлердей шауып келеді. Ақбоз атымен қасекене жетіп барған Боранбай бөріні қуып жетіп, қатарласып, іліп барып, оны көк желкеден бүріп алып,

Көкбөрілер мекені

(үзінді)



сүйрей жөнелді. Оны бір қолымен көтеріп ап: «Ә, бәлем, ұсталдың ба?» дегендей маз. Қасқыр ызаға булығып, басын біресе атқа, біресе адамға бұрып, жұлқынып, тісін ақситып ырылдап келеді.

Қысқашпен ыстық темірді қысып үйренген, білегінде бір аттың күші бар, ұстаның ұлы Боранбайға қасқырдың желкесі сөз боп па? Бірақ, қаны кекшілдеу Боранбай, артынан шауып келе

жатқан Қастерге көптен бері ыза боп жүр еді. Ауыл ішінде күш сынасып, алыса кеткенде Қастерге дәйім шамасы жетпей қалатын. Боранбай шауып бара жатып, қолындағы ауырлап бара жатқан қасқырды сол жақ артынан қатарласа келіп қалған Қастерге: «Ма, бала! Бүркіттің ойыншығын ойнап көр!» – деп, құрдасының үстіне лақтырды. Қастердің астындағы қаракасқасы сол аймақтағы жүйрік тұлпарлардың бірі еді. Бәйгеге шапқанда алдына жан салмайтын, бірақ осы жолы бөрі бетіне ұшқанда бір сәтке үркіп, шетке тартты. Үстінде сол абдыраған Қастер қолымен қасқырды ұстай алмай, құр қалды. Қасқыр төрт аяғы жерге тиген соң, ат астында аман қалса деген оймен болар, шапқан аттардың аяқ астына оратыла кетті. Теңгені тезек ортасынан таза алып жүрген кең даланың баласы қояма оған?! Көк атты жігіттің бірі бөріні ат аяқтарының арасынан құйрығынан тартып суырып ап, сүйрей жөнелді. Қасқырдың бұралаңдағанына қарамастан жігіттер шапқан күйі бөріні бір-біріне қалжыңдаса қаңбақша лақтырып, қақпақыл ойнап қоймады. Қасқырдың сілесі қатты. Ажалым осы жерде келді-ау дегендей мойынсұнып, дымы құрып, кеңірдегінен қырыл ғана естіледі.

Көкпардың соңына қарай, күрті қолына ілінбегенге ыза болған Абыз, ақыры қасқырды біреуінің қолынан жұлып алып, қиқулаған күйі ауыл жаққа бірінші болып тартты. Ауылға жете бере желкелеп ұстап алған бөріні обал болмасын деп, жол жөнекей дөңнің теріскей жағындағы жұмсақ қарға күмп еткізіп лақтырып тастап, сол ағынымен ары қарай заулады. Жүні мен жүйкесі жұқарып, шаршаған бөрі Тәңірісі бар екеніне тәуба қылып, бар күшін жинап, айдалаға шойындап кете барды.

Жігіттердің ойыны қанды, ауылдың сұлулары естеріне түсті ме екен әйтеуір ауылға тіке шауып кетті. Қасқырды ұмытып, қарамады да.

Сәкен СОЛТАНАЕВ

(Басы 1-бетте)



торсық, тостаған секілді ыдыстардың атауы ғана емес, олардың күнделікті тұрмыстағы жанды қолданысы көрсетіледі.

Алайда, бұл этнографиялық сипат өлеңге сырттай сыналап кіргізілмеген, дилмарсу да жоқ, керісінше ішкі үйлесіммен табиғи түрде өз арнасын тауып оқырманға жетіп жатыр. Сондықтан да өлең соңы:

«Қымыз емес, жұтасың даласынан

Сағынышты қотарып, мейіріммен, – деген пайымдаумен аяқталады. Тек ас емес, ас ұсынған адамның пейілі, ниеті алғашқы орынға қойылып, этно-мәдени құндылықтар жалпы адамзаттық жетістіктермен астастырылып, жаңаша сипат алып, рухани-адамгершілік қарым-қатынас арнасына қарай ойысып, адами құндылықтар дәріптеледі.

«Ер-тұрман» атты өлеңде де қазақтың ат әбзелдері соншалық мұқият сипатталып, олардың мәні ашылып, халық арасындағы оларға қатысты ырым-тиым, дәстүрлерінің біразы қамтылады.

Өлең соңы:

Таң атырған батырлар ат көрпесін жамылып.

Ата мұра, ел мүлкі – ер тоқымы батырдың.

Ер тұрса да музейде, тұрмасын деп өлеңім.

Ой олжамды түгелдеп, мен талай таң атырдым.

Аударыса кеткенде ерден түсіп қалмауға,

Тартпасын тартып жатырмын, ақын деген атымның, –

деп метафоралық қалыпта, ауыспалы мағынада береді. Яғни ақынның өлеңді баптау, түзеу, өңдеу жұмыстарына мұқият қарап, сырқы бүтіндігі мен ішкі мазмұнына өте үлкен мән беретін талапшылығын, шығармашылық шеберханасында көп тер төгетін еңбекқорлығын көреміз.

Әдепхан Төреханұлының «Көкпар» атты өлеңі мазмұн мен форманың керемет үйлесім тапқан туындысының бірі. Бұл

Кесел бітер күндерді шешем күтті...

Соғыс емес, ел үшін менің әкем,

Топырағын жат жердің төсеніпті, – деп анасы мен әкесінің тағдыры арқылы, бүкіл халық басындағы халді, дәуірдің рухын көрсетеді.

Ақын жырларының бір парасы дәстүрлі арнау өлеңдер. Бейнелеу өнерінің акбері – Әбілхан Қастеевке, қара қылды қақ жарған – суан Қожбанбет биге, жыр алыбы – Жамбылға, Жетісудың жезтандайы – Дөнеш Рақышевке, Өтікей батырға арналған өлеңдері мен дастандарында тарихта аты қалған ерен тұлғалардың ерлік қырларын елге таныту идеясы тұр. «Ақсақалдар», «Ағаларға», «Жеңеше», «Құдаша», «Қазақтың ару қыздары», «Келіншектер», «Әкеме», «Анама», «Бабамның рухына» атты өлеңдерінде қазақ халқының жақсы қасиеттерін бойына жиған игілікті істерімен ел аузында қалған абзал жандардың типтік образы сомдалған. Жүрекжарды өлеңдерді ет жүрегің езіліп, күйзелмей, тыныш күйде оқу мүмкін емес.

Іңгәлап жерге түскенде,

Шалқалап әкең шықты үйден.

Атандың да сүт кенже,

Жетімек болдың түксиген.

Ажал тұрмақ алысқа,

Жіберерім сен бе едің?

Оқу, өнер, жарыста,

Әкелден кем бе едің? – деген інісі Ғаниға арнаған қазақтың жоқтау формасындағы өлеңі ойлы жанды тебіренпей қоймасы анық.

Ақын өлеңдерінің келесі бір легі туған жердің табиғатын тамылжыта суреттеуге арналады. Ол шалқар шабытына мекен болған Белжайлаудың, бабақоныс – Басатжұрттың,

ЖАРДАҒЫ ЖАПАЛАҒЫН ҮРКІТПЕГЕН

Тумысынан сыпайы ақын ондай эмоцияға беріліп кетпей елінен, жерінен биік жаралмағандығын қарапайым сөздің күдіретімен оқырманына асқақтамай, түсінікті тілмен байыптап жеткізеді. Жазушының ертеректен бері қалам тербеген шығармаларының желісінде, кейбір заманды бағып, құлағын салып биліктің бұйдасында жүретін «...сымақтардың» даңғазадасы жоқ, еліне етене жақын, сүйегімен біте қайнаған үнемі сұраныстағы қазақтың қасиетті халықтық тәрбиесінің үлгісі жатыр. Қатарлас қаламдастарынан ерекшелігі де осында. Көп жылдардан бері өзгерген қоғамның ықпалына қарай бейімделеміз деген ұрпақтың, барды бағалай алмай, сөз кәдірін түсінбей бара жатқанын жете білетін Әдепхан Төреханұлы осы орайда мағыналы, жаңа мазмұндағы мақалаларымен жастарға тіл өнерін бағалауды, оның құнды қазына екендігін, өлместігін, өшпестігін ұлағаттайды.

Бүкіл саналы ғұмырын, бар қажыр-қайратын ұрпақ тәрбиесіне, білім беру, ағарту ісіне арнап, шәкірттерін үлкен мұраттарға шабыттандырған Әдепхан Төреханұлы осы көктемде сексеннің сегізінше шығып отыр.

Ақын Әдепхан Төреханұлы Жақыбай балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарына тұспа-тұс келген қам көңіл ұрпақтың өкілі. Ол туралы «Қырық бесінші жылдары мен не бары бесте едім» дейді ақын өзінің естелік өлеңінде. Драмалық мұңға толы өлеңінде ақын жеңісті аңсап күн кешкен қара сирақ бала образын шебер сомдайды.

Қырық бесінші жылдары мен небәрі бесте едім,

Өкінішім сол менің – әке аймалап өспедім.

Орақ орган шешемнің етегіне жармасып,

Кейде қалғып кетемін, қалқасында дестенің.

Қилы қиын кезеңдер басымыздан өтіпті,

Жетімдікке жол бермей, бұғанамыз бекіпті,

Менің әкем өзі жоқ, ал бірақта өмірде,

Жетімдікті жеңіспен алмастырып кетіпті, – деп философиялық ой түйеді. Жетімдіктің зарын тартса да, табанын тас тіліп, шөңге сойса да, тұрмыстың ауырғашылығы ақын жүрегіне дақ сала алмаған. Ақын сезімтал жаны туған жеріне, айналасына деген нәзік сағынышқа, махаббатқа толы.

Сондықтан да болар ақын өлеңдерінің көбінде жайдары күндерді сарғая күткен әсем сағыныш сарыны алдыңғы орынға шығып отырады.

Сағынамын әкемнің «тенгемі» деп күлгенін,

Тенгемі үшін өмірдің шешіпек болып күрмеуін.

Әкем үшін, мен үшін сағыныш боп жүректе,

Қалды-ау кейін балдәурен, оралмайтын күндерім, – дейді ақын «Сағынамын әкемді» өлеңінде.

Оның өлеңдерінің өзінен ақын болмысы көрінеді, туған жерінің тірі жәндігін ұстамақ тұрмақ, жапалағын үркітуге обалсынатын мейірбан жүрегі, өзіндік дүниетанымы мен мұндаулап тұрады.

Бабам аттас мына дөң – аса мәлім,

Тұрған жоқ па қайталап атам әнін.

Киік тұрмақ, жардағы жапалағын,

Үркітуге қаймығып бата алмадым.

Осылайша, артық дидактикасыз табиғатқа залал келтірмеу, экологияның бүгінгі күнгі өзекті мәселелерін де шығармашылығында тілге тиік етеді.

Ақын өлеңдерінің бір ерекшелігі – этнографиялық суреттемелерге байлығы. Бұл Әдепхан ағаның туған халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, мәдениеті мен өнерін, тарихын қоршаған ортасынан жастайынан құлағын түріп тыңдағандығын, соның арқасында терең білетінін көрсетеді. Бұған «Сырмақ», «Көкпар», «Жылқылы ауыл», «Бесік», «Ошак», «Ер-тұрман», «Киіз үйі қазақтың», «Қамшы» секілді өлеңдер тобы кұә.

Айталық, бір ғана «Жылқылы ауыл» атты өлеңінде қазақтың қымыз ашытуда қолданылатын ыдыс-аяқтарының сан-алуан түрлері аталып, түстеліп көрсетілгенде оқырман қымыз ашытудың өзіне де өте күрделі өнер ретінде қарары рас. Оның ішінде тері тұлып саба, қара тұлып саба, піспек, көнек,

қазақтың ұлттық ойынының бар болмысын, делебесі қозған адамның деміндей дүрсілдеп оқылатын қызықты өлең.

Бас тақымға, тарт шаужайды, ұр қамшы,

Үзеңгіге орайын, аттың басын бұрмашы,

Шіреніп тарт, сілкіп тарт, айыл-тартпаң мықты ма?

Деп шүйлігіп тұратын, тақымдасқан мықтыға.

Етістіктердің түйдек түйдегімен берілуі, көкпардың дүбіріндей естіліп, оқырманның аптығын асырады.

«Әкел – әкел, берші – бер, тақымыңнан шығаршы»,

Жанталасып жармасты, жандай шапқан қос атыш.

Артта қалып күйеуітты, ой мен жыра бөктерді,

Лақ емес тақымға басқандай-ақ көк бөрі.

Өлең ырғағының жылдамдығы да, екпіннің күші де көкпаршымен оны тақымдап қуып келе жатқан қос алымшының дегбірсіз тынысын түйкізетіндей. Өлең соңындағы:

Бағың жанып қолыңа көкпар тисе – бекем сын,

Лақ емес, намысты алып қашиып кетесің.

Жаралғаннан қазағым намысқой-ақ екенсің

Ерегесте көзіңе көрістірер көкесін, – деген түйін ақынның



Сексеннің шықтың міне сеңгіріне,

Айналып ақ қаламың – серігіңе.

Алпыс жыл отау құрдым өзінменен,

Бас ием, құрметіңе, сеніміңе.

Өмірдің шыдап аяз, аптабына,

Алпыс жыл қалды уақыт қатпарында.

Сексеннің сеңгіріне шыққаныңда,

Құтты болсып айтамын ақтарыла.

Ырысжан ЖАРАСБЕКҚЫЗЫ

өзіндік дара стилін байқатады. Яғни тақырыпты жан-жақты сипаттап аша отырып, белгілі бір идеяға үндейді, нақты осы бір өлең көлемінде айтар болсақ, көкпар – тек ұлттық ойын ғана емес екен, алдымен ер жігіттің жігерін сынайтын, намысын жанитын мәртебесі бар ойын түріндегі өнер екендігі көрсетіледі.

«Сырмақ» атты өлеңінде де ақын қазақтың қолданбалы өнері арқылы этно-мәдени құндылықтарды дәріптейді.

Өрешесін тартып сап, түрін тартып,

Тең жіппенен буынады белін тартып,

Тепкілейді, кірлейді, білектейді,

Бір анаға іс бар ма бұдан артық, – деп бұрындары сырмақ сыру өнерінің технологиясында қолданылған, ал бүгінгі күні тіпті ұмыт бола бастаған, пайдаланудан шығып бара жатқан қазақтың түр тарту, тең жіп, кірлеу, білектеу сияқты сөздерін келтіреді.

Әрине, тек жайылып жатқан сырмақтың оюлары мен әдемі түстері өлеңді жанды ете алмас еді, егер онда адам образы көрінбесе. Сондықтан автор сырмақтағы ою-өрнек сырымен, адам тағдырын астастыра суреттейді.

Не қылса да тағдырым көрем дейді,

Бақыт таңы атқанша көнем дейді.

Жеңіспенен оралса, әкең байқұс,

Сонда төсеп той жасап берем дейді.

Соғыс деген ауру, кесел мықты,

жерұйық, алтын бесік – Қызылеспенің, жаз дидарлы Жаркенттің, шоқтығы биік Баркөрнеудің, жұмбақ қатпарлы – Өртенсайдың, Сабалысайдың, таспа құрақ Үйгентастың, соққан дауылы тоқтамайтын – Алтынемел асуының, асқақ, сырлы Алатаудың, суы шымырлаған Жылбастаудың, «Итшоқы» деп атанған Майлытөбенің, арнасынан шалқып ағып жатқан Салпықарықтың, Торыайғыр асуының, алтын құмды Айдарлының, киелі Орбұлақтың, жақұт, мөлдір Белбұлақтың, замананың сырласы, ғасырлардың құрдасы Әулиеағаштың сұлу, жанды суреттерін сөзбен салады. Осы жер атуларына қатысты тарихи деректер мен ел аузындағы қызықты аңыздарды өлеңіне қосып, тіпті десеңіз жоғарыдағы жерлердің орналасу ретін де қолмен қойғандай етіп географиялық дәлдікпен суреттейді.

Бұл ретте ақын Оразақын Асқардың «Әдепханның туған жер туралы өлеңдері жырмен жазылған атамекеннің картасы сияқты» деп бағалауына шүбәсіз қосыласыз. Осы тұрғыда Әдепхан ағаның кеңес заманында орысша таңылып (навзанный) қойылған жер су атауларына өзінің байырғы төл, тарихи атауларын қайтаруға атқарған қайраткерлік істерін де айта кету керек. Ол жер-су атауларын ел басынан кешкен қилы замандардағы тарихымен қоса зерттеп, шығу тегіне тоқталып олардың жас ұрпақ жадында сақталып қалуы үшін үлкен еңбек сіңірді. Республикалық, облыстық және жергілікті баспасөз беттерінде жарияланған Жаркент өңірінде өмір сүрген тарихи тұлғалар Қожбанбет, Қараменде, Салпық, Сады, Пана, Дулет, Малдыбай, Шәнті, Жақыбай секілді билер, Кебенек, Тумағай, Шойнақ, Өтіке секілді батырлар, Төрехан, Күләй, Зина, Дәне секілді ақындар, Дөнеш әнші туралы көлемді зерттеу-мақалаларын жазды.

Табиғатынан әнге сұранып тұрған Әдепхан ағаның көптеген өлеңдері халық арасында кең танымалдыққа ие болып, сахна төрінен ел ішінде шырқалып жүр. Оған бірнеше композиторлар ән жазған. Солардың ішінде Дөнеш Рақышев, Базархан Жақыбаев секілді елімізге белгілі композиторлар бар. Ал, кей өлеңдердің сөзін де, әнін де жазған Әдепхан ағаның өзі.

Жасынан жігіттің жампозы саналған, қазақ сегіз қырлы, бір сырлы дейтін азамат қоғамдық өмірдің барлық саласында өзгеге айтарлықтай үлгі болатын қызмет көрсетті. Туған жерінің жарындағы жапалағын үркітуге обалсынған ақын адам отбасында да мейірбан әке болып, он бала тәрбиелеп, өсіріп, оқытып жоғары білімге қол жеткізіп жұрт қатарының алды етіп, олардан көрген немере-шөберелерінің қолынан су ішіп, сексеннің ақ сеңгіріне күміс қаламын қолынан тастамай шығып отыр. Шығармашылық жолда ізін басып келе жатқан сыйлас інісі ретінде абыз ағамыздың деніне саулық, отбасына амандық, дастарханына береке, шығармашылығына шабыт, әдеби-рухани мұрасына өміршеңдік тілеймін.

Ағасы сексенде де алқынбаңыз,

Шалғайыңнан ұстаған қалпындамыз.

Болғанда сіз бастаушы, біз қостаушы,

Алаңдама, алға жүр, артыңдамыз, – дегім келеді.

P.S. Сексен жылдық ғұмырын өнегемен өткізіп, әдебиет әлемінде өзіндік ізін қалдырып келе жатқан ардақты жерлесіміз, ақын, ұстаз, қайраткер азамат Әдепхан Төреханұлын «Жаркент айнасы» газеті ұжымы атынан жаңа жасымен шын жүректен құттықтаймын.



Молот СОЛТАНАЕВ,

«Жаркент айнасы»

газетінің Бас редакторы.



Мақала кейіпкері болып отырған Заманбеков Жақып ағамыз өткен ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне жататын 1921 жылы Жаркент уезінің Кермеағаш қыстауында қарапайым шаруаның отбасында дүниесі ашқан еді. Әкесі Дадай бұл төрт жасқа келгенде кенеттен қайтыс болды. Одан кейінгі қалған өмірі анасы Рәсқұл Ешбайқызының қамқорлығы мен тәрбиесінің аясында өтті. Кенестік дәуірдегі республика өмірінде орын алған индустриаландыру, ұжымдастыру мен 1931 – 1933 жылғы нәубеттің қасіретін басынан өткізген Жақып ағамыз балалық, жігіттік шағы қиындыққа толы болды.

Жетімдік қасіреті мен өмір қиындығы ерте есейткен Жақып 1941 жылы Октябрь ауданының (1957 жылы Панфилов ауданына қосылды) орталығы Көктал кентіндегі орта мектептің 9 сыныбын жақсы нәтижемен аяқтайды. Өзінің еңбек жолын мектепте оқып жүргенде бастаған ағамыз түске дейін оқып, түстен кейін мектеп кітапханашысы жұмысын қоса атқарды.

Келесі, 1942 жылдың ақпанында әскери комиссариатқа шақырылып, көп ұзамай Ұлы Отан соғысына аттанып кете барды. Қайғыдан көкірегі қарс айырылған ана жүрегі қанша езіліп кимай тұрса да амалсыздан көңіліне медеу болған Жақыпты қан майданға шығарып

Өнегелі өмір

салды. Күндіз-түні жаратқанға жалбарынып ұлының амандығын тіледі.

Арнайы дайындықтан өткенде өзінің өжеттігімен көзге түскен Жақып Дадайұлы 1943 жылдан Оңтүстік-Батыс майданындағы (3-ші Украина майданы) алтыншы атқыштар армиясының жеке қорғау батальонында және 715-ші атқыштар полкінде станокты пулемет рашетының командирі болып қызмет етті. Жау қолында қалған Украинаны азат ету барысында Харьков түбіндегі, Орел-Курск ініндегі қанды шайқастарға қатысты. Сондай-ақ, Шығыс Еуропаға жататын Румынияны, Венгрияны, Югославияны, Чехияны, Австрияны азат ету ұрыстарында алдыңғы шепте болып, ерліктің ерен үлгісін көрсете білді.

Әскери шені – сержант Жақып Дадайұлы фашист басқыншыларын талқандаған жеңісті Австриядағы Вена қаласында қарсы алды. Жаратқанның мейірімі түсіп, ана тілегі қабыл болып Жақып ағамыз 1946 жылы аман-сау елге оралды. Соғыстан кейін Көктал ауылында жоспарлаушы-экономист, салық комитетінің агенті, тағы басқа да қызметтерді атқарып, кез-келген еңбек майданының алдыңғы шебінен табылды. Іскерлігімен, білімділігімен өзін көрсете білген Жақып Дадайұлы 1959 жылы Панфилов аудандық «Жаналық жаршысы» газетінің редакциясына қызметке шақырды. Мұнда бір жыл әдеби қызметкер, екі жыл бөлім меңгерушісі міндеттерін атқарғаннан кейін қызметі өсіп 1962-1981 жылдары газеттің жауапты хатшысы болып қызмет етті.

Ағамыз білім мен тәжірибені ұштастыра жүріп өндірістен қол үзбей, жоғары білім алуды да естен шығарған жоқ. Мал дәрігері мамандығы бойынша Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітіріп, ел ішінде оқымысты зоотехник атанды. Уақыт шіркін бір орында тұрмайды, ұшқан құстай зымырап 1981 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. Еңбек қазанында ел-жұртпен бірге біте қайнасып өскен ағамыз көпшіліктен қол үзбеді. Қоғам өміріне қайта араласқан Жәкең 1987-1994 жылы Жаркент қалалық «Соғыс және Еңбек ардагерлері кеңесінің»

төрағасының орынбасары болды. Қоғамдық жұмыстардың белсенді қатысушысы, спорт саласынан да тыс қалмай, шахмат ойындарына қатысып аудандық, облыстық жарыстардың жүлдегері болған. Ал, кейіннен үш рет аудан ардагерлерінің ұсынысымен 1994-2000 жылы Жаркент қалалық «Соғыс және Еңбек ардагері кеңесінің» төрағалығына сайланып, аталмыш міндетті абыроймен атқарды.

Кеңес өкметінің құлап жатқан аласапыраны мен тәуелсіздіктің тәй-тәй басқан алғашқы кезінде өкіметтің ардагерлерге беретін барлық жеңілдіктері тоқтатылды. Сондай қиыншылықтардан шығу үшін аудандық әкімшіліктерден, колхоз, совхоз бен Қорғас кеденінің әкімшілігінен, т.б. ұйымдардан ардагерлердің жағдайына қарасуға ықпал етіп, көмек сұраған кездері де болды. Нәтижесінде, мүгедек ардагерлерге облыс аумағындағы демалыс орындарына жолдама алып берумен қатар, газет-журналдарға ардагерлердің тыныс-тіршілігі, соғыс кездерінде көрсеткен ерліктері туралы мақалалар мен естеліктерді үзбей жариялап тұрды.

Жастар тәрбиесіне көп көңіл бөлген Жақып Дадайұлы оқу орындарында студенттермен, оқушылармен болатын кездесулерге жиі қатысып, ардагер ретінде тәрбиелік мәні мен мағынасы терең өнегелік мақалалар жазумен де айналысты. Өзінің жасы келіп, денсаулығының нашарлауына қарамастан алған бағытынан таймай елім, жұрттым деп, әсіресе мүгедектерге баспана, әлеуметтік жәрдемдік көмектерді ұдайы ұйымдастыруда көпшілікке үлгі бола білді. Сонымен қатар, басқа мемлекеттерден қоныс аударып келген Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тылда еңбек еткен еңбеккерлердің де тез арада құжаттарының рәсімделіп, әлеуметтік жәрдемақысын уақтылы алуына көмек қолын созып, бар жақсылығын аямады.

Қазақстан Республикасы жаңа Тәуелсіз мемлекет атанғанда елмен бірге қуанып, республиканың өркендеуіне де өз үлесін қосып, қалған бар күш-жігерін аямай, жанын салып қызмет етті. Дегенмен, уақыт өз дегенін алады емес пе, ағамыз бар ынта-

жігерімен атқарған абыройлы міндетінен 2000 жылы денсаулығына байланысты өз еркімен босатылған екен.

1961 жылдан Кеңес Одағының журналисті, 1978 жылы Қазақ КСР Журналистері сыйлығының лауреаты атағын алған, 1990 жылдан бастап Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі болған ағамыз 1999 жылы Панфилов ауданының «Құрметті азаматы» аталған. Жылдар бойы жинақталған журналистік шығармашылық еңбектері аудан мұрағатының «Алтын қорына» енгізілген.

Отан мен халық алдындағы ерен еңбектері үшін үкімет тарапынан алған марапаттары: «Ерлігі үшін» (За Отвагу), «Германияны Жеңгені үшін» (За Победу над Германией) медальдарымен, Ұлы Отан соғысының II дәрежедегі орденімен, Жуковтің медалімен, көптеген мерейлі және тағы басқа жауынгерлік наградалардың иегері.

Зейнеткерлікке шыққан соң Тәуелсіз Қазақстан еліне сіңірген еңбегі және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздікке он жыл», «Еңбек ардагері» медальдарымен, жоғары органдардың көптеген мақтау грамоталарымен, дипломдармен марапатталған. Кәсіби журналистің еңбек жолындағы жазған мақалалары, эссе, хикаялар, кітаптары мен әдеби өңдеулері кітап болып түптеліп баспалардан жарық көрді. Мысалы атап айттар болсақ: «Жылдар жемістері» (1981 ж.), сондай-ақ, колхоз басшылары болған «Неиссякаемый родник» Сауранбаев Н. (1990 ж.) және И.Белаловтың өмір жолдары туралы кітаптарын жазып жарыққа шығарды.

Отбасындағы өмірлік жары - Қалиева Нурсәлиман «Алтын алқа», «Еңбек ардагері», т.б. медальдарының иегері. Екеуі жеті бала тәрбиелеп, оқытып, өсірді. Өмірлік жолдарын тапқан ұл-қыздары өсіп-өнді, олардан өрбіген оншақты немеренің атасы болған Жақып Дадайұлы Заманбеков ағамыз 2006 жылдың 30 қаңтарында дүниеден озды.

Ұлы Отан соғысында өшпес ерлік көрсетіп, Ұлы Жеңіске елеулі үлес қосқан бірден бір тұлға. Өмірі өнеге болған соғыс және еңбек ардагерінің есімі кейінгі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
«Жауынгерлік Даңқ музейінің» меңгерушісі.

БҰҚАРБАЙ БАТЫРДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

«Хан Кененнің қолға түсіп, Алатаудың баурайында болған шайқаста ойсырай жеңіліп, елге олжасыз келген кезіміз» деп бастады дейді сөзін табын қарт Бұқарбай батыр.

«Елге келген соң да еңсеміз бір көтерілмей қойды. Жұрттың сыбырлап айтқан сұманданған суық сөзі қаңтардың аязындай жанымызды қарып бара жатыр.

Батыр байғұстың ризыға соғыстан түскен олжа болады. Ол болмаса, барымта. Олжа мен барымтаның орайы келмесе, берсе қолынан, бермесе жолынан деп келе жатқан керуенге көз тігесің.

Ер азығы мен бөрі азығы жолда деген. Жеті жігітім желкілдеп, «батыр қашан аттанамыз» деп үйге күнде келеді. Өзімің де жүрегім қысылып, үйге сыймай жүрген кезім.

«Тәуекел түбі – нар қайық» деп басымен алысып тұрған күрең қасқаға жүген салдым. Жануардың тепсінгенінен шылбыры байланған теректің басы теңселіп тұр. Терлігінің үстіне тоқымын салдым. Ұзақбай ұстаға құнан өгіз беріп шаптыртқан құранды ерімді тоқымының үстіне тастадым. Арасына саусақ сымайтындай қылып қос қайыс тартпасын тас қылып тарттым.

Торғай көз сауытымды киіп, бес қаруымды асындым. Жігіттерім де сакадай сай тұр екен. Аттың басын жіберіп едім көкжалдың артынан ерген бөрідей жігіттерім артыман шұбырып қоя берді.

Қаз қайтып болған, қарашаның соңы. Қоға мен қамыстың басына тиген аттың сауыры, үлпілдегін қарша боратып, дарияның бойында келе жатырмыз. Бар ойымыз қызылдың құмына қарай өтіп алу.

Үйден шыққанымызға аптадан асты. Алты малта ас болмас деген, бар азығымыз таусылуға шақ қалды. Қанжығамыз майланып, әлі олжалы бола қойған жоқпыз. Ойымыздағы олжаға жолықсақ, аттың басын жіберіп, тойлағалы тұрмыз. Батыр барлаушысыз жүрмейді деген.

Бір уақытта бір жәйлі хабар келді. Түркіменнің тұсынан, ордалы жыландай шұбыртып, он түйесін жетектеген жалғыз атты бір керуен келе жатыр деген. Елінен шыққанына төрт күн болыпты. Күні бойы сол алақаным қышып еді, құдай осы олжаны меңзеп тұр-ау деп. Сол алақанымды сүйіп, маңдайыма қойдым.

Шыққанына төрт күн болса, құдай қаласа түс қайта жолығармыз. Асырдан асқан уақыт, дарияның жиегіндегі дөңнің

үстімен келе жатқанбыз, алыстан шаң көрінді. «Ал, жігіттер, құдайларың берді!» деп ауызымды жиғанымша болмады, алдында келе жатқан екі жігітім аттың басын келе жатқан керуенге қарай жібермесі бар ма?

Көзінің ұшында бұрқыраған шанды көрген керуен басы, алдыңғы түйенің бұйдасын, соңғы түйенің құйрығына іліп, керуенді шеңбер қылды. Үкілі найзасын қолға алып, қос жігітке қарсы шапты.

Жүректі батыр екен, әуелі келгенін түйреп, соңғы келгенін шауып өлтірді. Иесі жоқ аттары далақтап далаға шауып кетті. Екі қыршың да жетеді деп жігіттерді әрең тоқтаттым. Қоңыраулы найзамды қолға алдым.

Бара найзаластық, білекті найзагер екен. Жан берейін деп тұрған ол жоқ. Айламен алмасам, былай ала алмайтынмыз сездім. Наурызбайдан үйренген әдісім бар еді. Соңында соны қолдандым.

Мойнына тастаған бұғалығым қолтығына қатар ілінді. Оң қолымен мойнындағы арқанды алам деп жан ұшырып жатқанда, ашық қалған оң қолтықтың тұсынан найза ұрдым. Қор етіп аттан құлады.

Аттан секіріп түсіп, жанына жетіп бардым. Өткір найза қолтығының астындағы күре тамырын қиып кетіпті, қан саулап жатыр. Басындағы дулығын шешкенім сол еді, қолаң шашы сусылдап, жерге төгіліп түсті. Өз көзіме өзім сенер емеспін. Қарлығаш қасы қыйылып, ботадай көзі мөлдіреп жатқан қыз бала.

Талықсып бара жатыр екен, сасқанымнан бетіне торсықтағы суды бүркідім. Есін жиып өзіне келді. Жөн сұрадым.

«Аға! Қалың Түркіменнің ішінде отырған жалғыз қазақтың қызы едім. Әкем өте ауқатты адам болды. Әкем дүниеден өткен соң түркіменнің көрі құрған байлары түртпектеп, тоқалдыққа алам деп қоймады. Қорғаныссыз күні құрсын, арқа сүйер асқар тауым болмағасын, басымды тауға да, тасқа ұрдым. Көрі іскеген денемді құрт жесін деп өлгім де келді. Бірақ шыбын жан шіркін тәтті екен. Өзіме қол салуға құдайдан қорықтым.

Бірбеткей мінезімнің барын білетін шешем, іс нашарға шаппай тұрғанда деп, бір түнде жасауымды он түйеге артып, көзден жасырын ініртте аттандырып жіберді. Атымың шылбырын ұстап тұрып, «Айналайын қызым, енді көрісеміз бе, көріспейміз бе, бір Аллаға аян. Атыңның басын қызылдың құмына бұр. Шөл даладан аман-есен өтіп алсаң, дарияның жиегіне жетерсің. Өзегің талса, өзен бойын жағала деген. Жарды жағалай жүре



берсең, елдің етегіне де ілінерсің. Елде табын Бұқарбай деген батыр ағаң бар, тауып ал. Қазақтың қайсар ұлы ғой, қарындасын ешкімге қорлатпас. Құтты жеріңе қондырар. Барған соң керуеннің тізгінін ағана ұстат. Жетім қыздың тойындай қылмай, дүниенді артыңнан апарар. Жасауым аз демей, осы он түйедегі дүниеңе қанағат қыл қызым. Әуелі Аллаға, сосын батыр ағаң Бұқарбайға аманатсың» деп аттандырып еді. Батыр ағам Бұқарбайды іздеп келе жатырмын» деп қолымда жан тапсырды.

Қарындасымды өз қолыммен өлтіргеніме өкініштен өзегім өртенді. Бала болып ешқашан көзімнен жас шықпап еді. Даланы басыма көтеріп өкіріп жыладым. Қайғыдан жүрегім қарс айрылды. Қарындасымды өз қолыммен сол жерге жерлеп, пәтихасын оқып, дүниесінің соқыр тынына тиіспей басына мұнара көтердім.

Бүгінде ел сол мұнараны «Қыздың Белгісі» деп атайды, – деп қарт Бұқарбай батыр күрсінді.

Осы әңгімені Алмас ағам Алматов айтып бергенде бірнеше күнге дейін оқиғаның сюжеті көз алдымнан кетпей қойды.

Қазақ халқы: «Қыз тілегі мақпал» деп бекер айтпайды. Қабырғаннан оқ тисе қарпып алар қарындас демей ме? Ағаса үшін қабырғасы қайысатын қарындастарымыз аман болсын. Артында айбатты ағаларының барын әр қазақтың қызы сезінісін. Қазақтың жасы кіші қай қызы болса да қаны бір қарындасымыз емес пе? Қарындастарымызға қорған болайық. Қызды қорғайтын орман болайық.

Мақсат СҚАҚОВ,
Facebook-тегі парақшасынан.

Ерніс ағамыздың дүниеден озғанына бір жылдың жүзі болыпты. Уақыт қалай сырғып өте шығады десеніңші, бәрі де кеше ғана сияқты еді ғой. Ол кісінің жымиып қана күлетін күлкісі, сүйкімді дауысы, іш тартып айтқан сөздері естен кетер емес.

Өзі барда күнде болмаса да, бауырымызбен ара-кідік араласып тұрдық, 1998 жылы Ерніс аға 60 жасқа толды. Өз үйінде жора-жолдас, жақын туған-туыстарымен туған күнін атап өтуді жөн санапты. Ол кісі осы жиынға асаба болуды маған тапсырды. Сол отырыста біраз адамдар ағадан көрген көмегін, жақсылығын айтып, алғыс білдіргені есімде. Көкеміз өзін барынша байсалды, сабырлы ұстады, мақтағанға асып-тасып кетпеді. Ерніс ағаның әкесі Шәкен ағамыз маған қарап «сен неге қайта-қайта сөйлей бересің, жұртқа ұрыспасаншы» деп бәрімізді күлдіріп еді, «жас күнінде бір бала, қартайғанда бір бала» деген осы екен-ау деп іштей ойлап қойғанбыз.

Жоғарыда сөз еткеніміздей Ер-ағаның жұрт алдында өзін парасатты да пайымды ұстауы, айырықша үлгі-өнеге көрсеткені кісілік пен кішіліктің үлгісіндей еді.

1999 жылы Сатай батырға Жаркент елі ескерткіш тұрғызып, той жасамақшы болды, осы келелі жиынға Ерніс бауырымыз белсене кірісті. Алматыдан Сарыбелге әлденеше рет бардық. Біз ол кісіге «осы ұлағатты дүниені өзіңіз басқарыңыз, жұрттан жиналған қаржы-қаражатқа бас-көз



ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ЖАЛҒАСЫ ЕДІ...

болыңыз» дедік. Ерекең аспай-саспай тойға қажетті біраз жұмысты орнықты атқарды. Әсіресе қадірлі қонақтарға үлестіретін сыйлықты өз мойнына алды, Ерекең қарттардың иығына жабатын шапан мен ақ қалпақтан бастап, тағы біраз заттарды даярлады. Сарыбелдегі осы тойға алыс-жақыннан мол адам қатысты, Шымкенттегі Бағыс суандардан да кісілер келіп сол жылы шыққан шежіре кітаптарын тегін таратты. Талдықорған, Үштөбе, Көксу аудандарынан бір қанша жақсы мен жайсаңдар лек-легімен келіп тоғысты. Қаншама ақ боз үйлер тігіліп, жер ошақтар қазылды, қазан-қазан ет асылып, сары самаурын бұрқылдады.

Бәйге, палуан күрес, құнан жарыс өтті. Осының бәріне Ерекең аянбай атсалысты.

«Жалын» баспасынан Әтіке батыр туралы «Әтіке-Нұржеке» атты дастан жарық көрмекші еді, оны біз жинақтағанбыз, осы дүниені Ерекең бауырыма көрсеттім, ол кісі балаша мез болып қуанып, «өте жақсы болған екен». Менің бала кезімнен есімде қалған бір-ер шумағы бар еді» деп біраз тұрды да, толғап кетті:

Әтіке атқа мініп шықтың былай,
Жаратқан бәрімізді Жапар Құдайы.
Бас болған мың сан елге жолбарысым,
Тар жерде оққа ұшып қалғаның-ай.

Мықты боп шығып едің Бәйтүгейден,
Келеді айтсам кеңес тіл-көмейден.
Жақының аңдымаса дұшпан болып,
Арманда жалғыз оқтан өлер ме ең сен?

Өзінің Суан еді асыл тегін,
Өлерде жауға кетті қайтпас кегін.
Дұшпанға кетпес еді сенің кегің,
Қасыңда бірге болса Есімбегің, –
деп ағамыз қатты толқып біраз үнсіз қалды. Содан кейін Әтіке жайлы ел аузындағы батырдың құралайды көзге атынын мергендігін, өзімен бірге мылтығын алып жүретінін, батыр тұрғанда Жаркент өңіріне ұры-қарақшының аяқ баспайтынын жырдай қызық етіп баяндады.

Ерекеңнің әкесі Шәкен қария ұлы отан соғысына қатысқан қарт жауынгер. Күлдіргі өлең де жазған, әзілқой адам болыпты. Ол кісі той мен топта жұрт алдына суырылып шығып бата да береді екен. Ал анасы Зейнахан отбасының ұйытқысы, күнде үзілмейтін қонақтарға ас-су әзірлейтін көрінеді. Тамақты дәмді даярлайтын болғандықтан аудан активтері Шәкен ағамыздың үйінен түстенгенді дұрыс көріпті.

Ерекеңнің ағасы Қожақан Шәкенов өте оқымысты, зейінді азамат болған: «ауылдан келген студенттер орысша жетік білмегендіктен үлгерімі төмен болады, медицина адам жанының арашасы, Алладан кейін шықпас жанға себеп әрі көмек. Бұл ғылымның қыры мен сыры тереңде жатыр. Ауыл балалары қазақша оқысын, сынақты да қазақша берсін деп өкімет алдына талап-тілек қойып, бірінші, екінші курстан қазақша оқылатын топтар құрып, сабақты ана тілінде жүргізіліпті. Алайда бұл игілікті іс ұзаққа бармай, бар жоғы бір-екі жыл ішінде «ұлтшылдық» деп айып тағылып, әрең ұйымдастырылған топтар таратылған». Қожақан Шәкенов декандығынан алыныпты («Парасатты жан» еді, Жетісу №132 (15820) 25 қараша, 1999 ж.).

Біз мұны текті ұрпақтың тектілігі, көрегендігі деп білеміз. Ерніс бауырымыздың арты жаман емес, төрт баласы, бірнеше немересі өсіп-өніп, қанат жайып келеді. Айдар, Ердос, Зылиха, Шынарлар бұл күнде жеке-жеке үйлі-жайлы. Ерніс бауырымыз кенжесі болғаннан кейін шығар, Шынар қызын айырықша еркелетіп, айырықша мөпелейтін сияқты еді, Шынар да әкесін шын жанымен жақсы көретін.

Көкеміздің ұлтжандылығының арқасында Құдайдың қалауымен бәрі де қазақша сайрап тұр. Совет өкіметі кезінің қиындығына қарамастан қазақша оқып, қазақи тәрбие көрген, ұрпаққа қызыға қараймыз. Ерніс аға жайлы мемлекеттік сыйлықтың иегері Бексұлтан Нұржекеұлы: «Кездескен сайын Ерекең «Не жазып жатырсың?» демей сөз бастамайтын. Сондай бір сұрай қалғанында, «студент кезімнен ойлап жүрген бір дүнием бар еді, соны жүзеге асырайын десем, жағдайым болмай жүр» деп қалдым. «Ол қандай жағдай» деп Ерекең қадала кетті. «Күні бойы жұмыс, жұмыстан келсем, балаларым бас салады, жазып отыратын жағдай жоқ қой» деп қалдым. «Ендеше былай ет, – деді Ерекең екі сөзге келмей. – Мен жақында демалыс аламын, екеуімізге совминнің шипажайына жолдама алайын» деді. Арада екі-үш күн өтті-ау деймін, Ерекең телефон соғып «бәлен күні барамыз» деді. Айтқан күнінде шипажайға бардық. Келсем Ерніс ағам алдымнан шықты. Тез арада екінші қабаттағы кең-мол бөлмеге орналастық. «Ал, мен кеттім» деді бір кезде Ерніс «жақсылық кітабыңды жазып қой».

Бір айға жуық жатып, «Бір өкініш, бір үміт» романын осы шипажайда еңсеріп қайттым». Өзге жазушылардың Ерекеңдей ағасы бар да шығар. Бәлкім артық та шығар олардікі. Бірақ мен үшін Ерекеңнің сол істеген ағалығы есімнен еш кетпейді» десе аға мен інінің сыйластығына дән риза боласыз.

Бұл естелік кітапта мұндай құнды мақалалар аз емес, олар Байтұрсын Өмірбеков, Қуаныш Боқай, Айбын Төрехановты, т.б. атар едік.

Ерніс Шәкенов ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, өз тақырыбы бойынша монография, қаншама ғылыми мақалалардың авторы, бүкіл өмірін ерең еңбекпен өткізген қайраткер. Аяулы жарын, балаларын барынша мейіріммен сүйген қамқор әке.

Әрине сүйген адамнан айырылу кім-кімгеде оңай соқпайды, ал Айман жеңешеміздің күйзелісі тіптен басқаша: «жан-жарымнан айырылу маған қиынға соқты. Асқар таудай болып ол мәңгі қасымда жүре беретіндей еді.

Әке-шешеммен, бірге туған бауырларымызмен айырылған қайғымды Ерністің арқасында ұмытқаным қашан. Ерніс о дүниеге аттанғанда солардың бәрі онымен бірге кеткендей, жаңа қайтыс болғандай, барлығынан бірақ күнде айырылғандай күй кештім. Қимас жандарымның барлығы көз алдымнан бір-бірлеп Ерністің артынан кетіп жатқандай болды.

Ерністің 2018 жылы тамыз айында, қасиетті жұма күні жамбасы жерге тиді» десе біз Айман жеңешеміздің жан-сырын жақсы түсінеміз.

Бауырымыз Айман жеңешемізбен қатар жүретін, қатар отыратын, ағайынның той-жиынына бірге баратын, егіз қозыдай жұбы жарасқан жандар еді. Екеуінің татулығы қыз Жібек пен Төлегендей еді.

Ерекең парасатты да қайырымды жан еді, өзінен бұрынғы өткен ұлағатты аталарының жалғасы еді, өзі о дүниеге кеткенмен жақсы істері өшпейді, біз оны ешқашан ұмытпаймыз. Сөзімізді өлеңмен түйіндесек:

Жомарт жан ізгілікпен жолдас еді,
Онда әсте кек пенен зіл болмас еді.
Ераған жайсаңдардың қатарында,
Жақсының кешегі өткен жалғасы еді, –

деп тұлпардың тұяғындай аяулы бауырымызды өмірден өтті дегенге қимаймыз. Асыл көкеміздің жаны жәнәтта болсын, Алланың рахымы, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шапағаты дарысын дейміз.

Сәрсенбі ДӘУІТҰЛЫ,
филология ғылымының
докторы, профессор.

(Басы 1-бетте)

ЖЫР ДҮЛДҮЛІ МЕН ӘН БҮЛБҮЛЫ

Сөйтп жүргенде іздегенге сұраған дегендей, менің жұмыс орныма ауылымыздың тұрғыны, жасы жетпістен асқан Боранбаев Тұрсын ағамыз келе қалды. Ондағы мақсаты әкесі Боранбаев Жұмаділ ақсақал кезінде Қытайда жүріп Үмбетәлі ақын жайлы көп естігенін, кейін 1959 жылы тағдыр айдап Қытайдан елге көшіп келгенде тура Үмбетәлі ауылына қоныс теуіп, өлер-өлгенше Үмбетәлі атамен жақсы араласқандығы жайлы айтпақшы екен. Тұрсын ағамен әңгімелесіп, біраз тарихи деректер жазып алдым. Ол әрине Дәнешке қатысы жоқ бөлек әңгіме еді. Ол жайлы кейін айтармыз. Ағамен қоштасарда, ол кісі Үмбетәлі атаның өзі тұрған музей үйіне кіріп, құран оқығысы келетінін айтты. Екеуіміз ата үйіне кіріп, құран оқып, үйді аралап жүргенде Тұрсын ағаның көзі төрде ілулі тұрған кілемнен тоқылған Дәнеш Рақышевтың суретіне көзі түсіп «Қайран Дәнеш, ән бұлбұлы» - деді. Менің сол кезде есіме анам айтқан әңгімелер түсіп, «Тұрсын аға, сіз Дәнеш жайлы не білесіз, ол кісінің біздің ауылға келгені рас па? Үмбетәлімен жолыққандығы жайлы не естіп едіңіз?» деп сұрадым. Сондағы Тұрсын ағаның әңгімесі былай: «Дәнеш Рақышев ұмытпасам 1962-64 жылдары біздің ауылға келгені рас. Мен ол кезде ес біліп қалған баламын. Әкем Жұмаділ өнерді жақсы көретін адам еді. «Ой, біздің ауылға атакты ән бұлбұлы Дәнеш Рақышев келіпті, ол бізге туыс, суан деген рудан болады» деп мақтанып қойды. «Әке ол әнші бұл ауылда неғып жүр екен?» дегеніме. «Мына көрші Имашев Тұрағалды деген ағаң сол Дәнештің жақын туысы екен. Бауырын іздеп келіпті. Көзі ашық адам ғой, туысын іздеп жүрген. Әйтпесе момын, қойын бағып жүрген Тұрағалды Дәнешті қайдан іздесін» деп жауап қатты. Сосын, «қой мен барып сол Дәнеш бауырыммен амандасып қайтайын» деп үйден шығып кетті. Атакты әншімен әкем амандасып біраз әңгіме дүкен құрғаннан кейін Дәнеш әкеме: «Менің негізгі келген мақсатым туысымды іздеу, әрі осы ауылда қазақ жырының дүлдүлі атанған Үмбетәлімен амандасып танысу еді» деп, әкеме өзін сол Үмбекене ертіп апаруын өтінген екен. Үмбекенің үйіне келіп сәлем берген Дәнеш асықпай ұзақ отырып, арасында Үмбетәлінің жыр-термелерін тыңдап, тіпті кейбірін қағазға түсіріп алғанын әкем өз көзімен көрген екен. Міне қазақ өнерінің қос алыбының кездесуі осылай болған екен. Ол кездегі халық өнер десе ішкен асын жерге қоятын кез еді ғой. Ауылға Дәнеш келді дегенді естіп колхоз бастықтары, ауыл ақсақалдары Үмбетәлінің үйіне қарай ағылады. Не керек сонымен Дәнеш біздің ауылда он шақты күн жатып, тіпті колхоз клубында концерт те қойған екен. Ол аздай ауыл зиялылары Дәнешті ертіп Қарғалы, Үшқоңыр, Ботасаз жайлауындағы малды ауылды аралатып, халықты жырмен сусындатқан екен. Әрі Дәнештің іздеп келген туысы Имашев Тұрағалды да сол кезде Киров колхозының бір отар қойын бағатын шопан екен. Ел ағалары сол туысының тірлігін көрсін дегені де болар».

Иә, кезінде менің анам Зейнеп Үмбетәліқызының Дәнеш Рақышев жайлы әңгімені бекер айтпағанына көзім жетті. Әрі арада сонша жыл өтсе де менің анамның сөзін растап Дәнештің ауылға келгендігін әкесі Жұмаділден естіп, өзі де сырттай әншіні бір екі мәрте көріп қалғандығын айтқан Тұрсын ағамен жолыққаным қуандым. Енді Дәнеш Рақышевтің біздің ауылға іздеп келген туысы Имашев Тұрағалды жайлы айтсақ. Тұрағалды ағамыз сол туысы әнші Дәнеш келіп кеткеннен кейін көп уақыт өтпей қайтыс болып кеткен екен. Ал ол кісіден Мағаз, Миғаз атты екі ұл бала болды. Бәріміз қатарлас бір ауылда ойнап өстік. Миғаз да бұл күнде өмірде жоқ. Ал Имашев Мағаз әлі күнге дейін осы ауылда тұрады. Өзі құрылыс маманы, 4-5 балалары бар. Кездескенде Мағаздан «атақты Дәнеш Рақышев сенің жақын туысың екен ғой, сол жайлы білесің бе?» деп сұрағанда, «Иә, ол кісі біздің өте жақын туысымыз екенін әкем мен анам айтып отыратын. Әкем өте ерте қайтыс болып кеткеннен соң онша араласа алмай қалдық. Ол кісінің өмірі жайлы көп біле бермеймін. 1964 жылы біздің ауылға келіп әкем Тұрағалдымен араласып, бірнеше күн қонақта болды деп анам айтып отыратын. Ол кезде мен 7-8 жастағы баламын ғой. Есімде не қалды дейсің», – деп жауап берді. Міне ардақты оқырман жыр дүлдүлі Үмбетәлі мен ән бұлбұлы Дәнештің кездескендігі жайлы әңгімені осыдан бірнеше жыл бұрын, анамның тірі кезінде өз аузынан естіп, арада талай уақыт өткенде ойламаған жерден Тұрсын аға мен Мағаз құрдасымыздың аузынан естіп жазып отырмын. Бұл да бір тарих, бұл да бір жүрекке жылы тиетін әңгіме. Естігенімді естелік қып жазып отырмын.

Әуелбек ЫСҚАҚОВ,

Халық ақыны У.Кәрібаевтың
әдеби-мемориалды музейінің меңгерушісі,
ҚР Суретшілер одағының мүшесі.
Алматы облысы, Жамбыл ауданы.

(Басы 1-бетте)

Жаздың ми қайнатар ыстық айларында болсын, қыстың қысқа күндері ме оған қарамай ақ таяғын беліне көлденең қыстырып, қойды жаю бағатын. Соның арқасында ғой мұндағы дейін денесі тіптік, қол-аяғы балғадайлығы. Жалқаулықты жаңы жек көретін. Таяқ тастам жерге баруға ат арқасына жабыса кететіндерге қарап қолын бір сілтеп қойып жүріп кететін. Қапсағай келген, дене бітімі кесектеу бітсе де шапшаң қозғалатын, сінірлі саусақтарының жуандығы білеудей қарулы адам еді. Көк шыға басталып алғашқы қар түскенге дейін толастамайтын қазақтың той-томалағының көркі көкпар ғой. Алыс-жақын ауылдың бірі көкпар берсе өзінің қатарластарымен барып топқа кіріп тартысқандардың талайына шаң қаптырып, қапы қалдырып, ауылға алып қайтып жүретін. Қырғауылбайды танитын көкпаршылар ол додаға келіп киліккенде біршамасы енді бізге ештеңе тие қоймас деп шетке қарай сығырылып шыға беретін. Бірде баласының үйдегілерге «анаумен күрестім, мынаумен күресіп мынандай болдым» деп айтып жүргенін құлағы шалып қалған әкесі: «Сен ылғай алысып-жұлысып жүресің, соны да күрес деп жүрсің бе? Бұл өнімсіз жұмысыңды таста да маған келіп көмектесіп, қой бақ» деген екен. Қасенхан осы сөзді естігеннен-ақ намысына тырысып бар жанын салып дайындалып, бір жарысқа барғанында жеңіске жетіп, сыйлыққа алған өте қымбат спорт киімін әкеліп тұрып, «Әке, мынау саған, сен әлі мұндайды киіп көрген жоқсың» деп әкесінің үстіне кигізіпті. Осы жаңа жағымды оқиғадан кейін ұлының қайсарлығына сүйсінген әкесі баласының айналысып жүрген ісіне құрметпен қарап, қашаннан ер адамдарға тән мінезбен сырған сыртқа шығармай іштей тілеуін тілей бастаса керек.

Дана халқымыз «Алып анандан туады» деген ардақты ұғымды жөнсіз айтпайды ғой. Қазақ шаңырағының отбасының берекесін кіргізіп, ынтымақ-бірлігін сақтайтын, отағасынан бастап әр баланың киімі киісі мен жүрісі тұрғысын, күнделікті тамағын қамдап отыратын ананың орны бөлек қой. Өзге отбасындағы қазақ әйелдеріндей адамдарға мейірімділік таныту, жанашырлық жасау, басқа туыс-туғандарға жылы қамқорлық анасы Діләпараздың да бойынан табылатын. Әкесі талай жерде жұртпен әңгімелесіп отырғанда: «Мына Діләпаразды алты болыс Албандардың ішінен айтысып жүріп алғанмын» деп отырады екен. Соған қарағанда бұл сөз Қырғауылбайдың да ақындықтан құралақан еместігін білдіреді. Жасында додаға кіріп көкпар тартып, топқа түсіп айтысып, қызды ауылдың думанын қыздырып жүретін серілеу жігітті кім жек көрсін. Әкесі айтқандай-ақ бар. Қырғауылбайдың алған жары Діләпараз ағынды Іленің оң жағынан басталатын Үйсін тауының теріскейі мен оңтүстігін түгел алып, Алматының түбіне дейін шұрайлы жерді ең жайлаған алты болыс Албан ішіндегі Айт руынан тарайтын. Қызыл тілге ырық берсе ешкімнен сөз сұрамайтын төселген шешен, ділмәр әрі табан астында сөз тауып айтатын назгер (қазақтар әнші, айтыскер, өнерпаз қыздарды, әйелдерді назгер деп атаған) жан болған. Бұрнағы жылдарға дейін дүбірлі айтыстарға қатынасып Алматы, Талдықорғанға дейін барып қайтып жүрген жан еді. Түнеугі бір жылдары Жетісудағы айтыстың жалындап көтерілген жүйрігінің бірі болған Жандарбектің шешесімен де айтысып келіп жүрді. Алматы облысының бас ақыны атанған Қален Тәжібаевпен сөз салыстырып, атақты тебіскер ақын Айтқын Бұлақовпен сөз жарыстырып, Қонырөлең өңірінің түлегі, жігіттің жампозы Нұрболатпен айтысқаны бар-ды. Қос жақсыдан тұрған Қасенханның бойынан да осындай бір үлгілі өнердің көрінбеуі мүмкін емес еді. Адамның арғы тегінде оны өзгерлерден ерекшелігін жақсы қасиеттері болмаса, одан жеме-жемге келгенде ештеңе шықпаса белгілі. Қазақ атамның «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» делінген ақ ниетпен айтылған үмітті сөздің түбінде ақиқат әңгіме жатқандығы содан болар.

Қасенханның бойындағы бұлқынған бұла күш арғы атасы Байтұрдаң келген екен. Жолбарыстай жоталы Жонғардың бауырындағы көрікті ауылдың бірі Сарыбелдің керімсал самалын жұтып, салқынына кең кеудесін тосып, еркін өскен атасы Байтұр 19-ғасырдың аяғында өмір сүрген. Орта бойлыдан сәл жоғары, кең кеуделі кісі болыпты. Көктем шыға басталып қара күзде дейін ду-думаны үзілмейтін осы аймақта өтетін ойын-сауықтарда, тоймен, астарда ешкімнен жасқанбай белдесе береді екен. Алқа-қотан отырған жұрттың алдына қымсынбай еркін шығып, шекпенінің етегін белбеуіне қыстыра салып, ортадағы балуанның кез-келген жерінен қолы тиген бойда мытйй ұстап, шопақ құрлы көрмей ағып ұратын күші білегіне біткен балуан болыпты. Атпен келе жатқанда өз қатарластары Байтұрдаң аулақтау жүруге тырысады екен, ондайда әзілдесіп жуысып кетсе қара сандарына салалы саусақтарын салып жіберіп мытығанда ауысыпандар аттан ауып түсіп қалады береді екен. Шу асауларды шалмалап ұстап әкеліп, ноқтап алу үшін балуанның алдынан өткізгенде аттың жалына не құйрығына қолы тисе болды, тырп еткізбей төртаяқтатып шөгеріп жіберетін қарулы адам болғандығы ел аузында аңыз болып сақталып қалған. Бірде өзге ауылдың еріккен төрт-бес жігіті топтанып жүріп, көрші ауылдың адамдарына жөн-жосықсыз тиісіп жастарына әлімжеттік жасап, берекесін бұзып, мазалап жүрсе керек. Бұлардың бассыздықтарын ауылдастарынан естіген Байтұр палуан шыдап жүре алмай, іздеп барып тауып, әлгі қодырандап жүрген әпербакандардың төртеуін аттарынан жұлып алып, шаңға бір-бір аунатып тастап, қолдарын матастырып байлап жаулатып айдап болыстың алдына апарыпты. Қайраты тасып, күші өзгеден асып тұрса да өрескелдікке бармайтын, ел арасындағы тыныштықты қалайтын,

ҚАЙТПАС ҚАЙСАР ҚАСЕНХАН БАЛУАН



көненен сабақтасып келе жатқан көпті сыйлауды алдына мақсат еткен адамдар осындай болмақ керек-ті.

Бойына атасы жағынан қан қуалай берілген балуандық қасиет пен анандан алған ерлік мінез Қасенханның ерік-жігерін күреске бағыттады. Өнердің өзі де бекер адамға қона қоймайды, кісілік тандап қонады. Арғы атасы Байтұрдың бойындағы сол балуандық қасиеттің, күш пен қуаттың арқауы текті қуалай келіп Қасенханның шығуында болып тұр. Кенестік кезінде жалпы орта білім беретін мектептерде оқитын оқушылар сол жылдардағы қалыптасқан тәртіп бойынша сынып жетекшілерінің қадағалауымен әртүрлі секцияларға жазылып, олардың бос уақыты пайдалы, тиімді іспен өткізіліп бақыланатын. Қасенхан да 7-ші сыныптан бастап өзі қатарлы оқушылармен күресті тандап қатыса бастаған. Кезекті оқу жылы басталғанда баяғыдағы әдетпен салып ұрып интернатқа барған екен, «интернатта орын жоқ» деп интернаттың меңгерушісі қабылдамай қайырып жібереді. Қалада жақын туыс-туғаны болмаған соң, жатып оқитын жері жоқтықтан қайтадан таудағы мал бағып отырған әке-шешесінің үйіне кетіп қалады. Сабаққа бармаған себебін айтып, интернатқа алмағанын естіген әкесі: «Әй, әлгі деректің бірі қой берме едім, соған өкпелеп сені интернатқа алмай қойған ғой» депті де қойыпты. Өзге шәкірттеріне қарағанда Қасенханның күреске деген қарым-қабілетін жақсы білетін, аудандық спорт комитетінің бастығы Әркен Әзімбаев араласып тауға қуып барып, әке-шешесімен сөйлесіп, қойлы ауылда жүрген жерінен алып келіп интернатқа жатқызып, тәрбиешілерге дұрыстап қарау керек екендігін тапсырып, өзіне күрес жаттығуларынан қалмауын ескертіп, бақылауына алыпты. Жас шыбықтай бұралып өсіп келе жатқан сол балалардың келешегін тани алатын бапкерлер кілем үстінде, бұған күрестің сан түрлі тәсілдерін үйретіп, болашағына жол ашты. Алғашқы бапкерлері Әбдраз бен Әркен екеуі Қасенханның ешнәрседен тарықпауына қамқорлық көрсетіп, тәжірибе жинау, күрес тәсілдерін жетілдіру жолында өтетін жарыстарға қатысуын қамтамасыз етіп, жол қаражатын, жатын орынды мен тамағына төленетін қаржыны түгелдей өздері көтеріп алып отыратын. Қарауындағы жеткіндердің жақсы азамат болып қалыптасуына күш-қайраттарын аямай жұмсаған қос бапкер Қасенханның да алдағы уақытта ел даңқын асыратын балуан болып шығуына сенім артып, бұғанасының бекуіне үлкен еңбек сіңірген жаттықтырушылары болды. Сынып жетекшісі – химия пәнінің мұғалімі Тұрсын Қожахметов те шәкіртінің бір іске кіріссе бар ынта-ынтасымен белсене атқаратынын білетін. Ұдайы жаттығу жұмыстарын жасап, жарыстарға барып, сабақты еріксіз жни қалдыратын болғандықтан, қудалайтын кейбір мұғалімдермен Қасенханның арасына түсіп, шыр-пыры шығып қорғап жүретін. Жетекшісі ара-тұра спорт залға барып Қасенханның қара терге түсіп, бапкерлері жасап көрсеткен әртүрлі күрес әдістерін әлденеше рет қайталап, кей жарыстарға барарда салмақ түсіру жаттығуларын жасап жүргенін көріп риза болып қайтатын.

Мектеп қабырғасында бірге оқып жүрген қыздың біріне өлердей ғашық болған кезі бар. Талдырмаш келген, дөңгелек жүзді, төңірегіндегілерге үнемі шуақ шашып жүретін, ер балалар айналсоқтап шықпайтын қызға Қасенханның аңсары ауды да тұрды. Өзі айтқандай «өң десе өңім жоқ, тұр десе түрім жоқ, бойым қойшының жатаған келген атындай» қайыстай қара балаға ол қыз көзінің қиығын да салмады. Бірде бойын буган ынтызарлық дегбірін алған соң тәуекелге бел буып, өзінше әдемелен хат жазып, қызды кездесуге шақырған. Сөзімің нәзіктігі, құштар көңілдің тазалығы емес пе, бір қызғы соң қиналып жүріп жазған хатын қызға өзі апарып, қол-аяғы дірілдеп тұрып әрең беріп келген. Кездесуге шақырарын шақырып алып, кездесуге баруға жүрексіңсе де тәуекелге басып, өзін-өзі тоқтатып, жолығатын жерге барыпты. Ол кездерде қыздарға хат жазу өте жауапты, кейде өзге жастардың, не болмаса үлкендердің қолына түсіп қалса өзіне де,

қыздарға да нұқсан келетін ұятты іс саналатын. Қасенханның көзінің жауын алып жүрген қызы қасына екі-үш құрбыласын ертіп, ашық-жарқын күлісіп, кездесу орнына жақындап қалғанда бұл алдынан шығып, «Мен сені сүйемін» деп айта сала алды-артына қарамай жау қуғандай қаша жөнеліпті. Балалық па, баландық па, неге қашқанын осы кезге дейін өзі де білмейді. Бірақ кейіннен де сол қыздың қасына баруға жүрексініп, көп уақытқа дейін қашқақтап жүрді. Осы сикырлы сезімін бағындыра алмай қойған немізі, алғашқы махаббатынан да қол үздірді. Ойында көркем қыз деп санайтын сұлуы бұған мойын да бұрмады. «Білім дегеніміз – күш» депті ғой бір оқымысты. Ал сол біліміңізге ойыңызға алған ісіңізге ынталандыратын махаббат деген ынтызарлық қосылмаса көп дүниені еңсерсе алмайтынығы белгілі.

Кең жайлаудың төсінде, шүйгінді бетке қозылы-қойды орлетте тастап, Қасенхан да көгілдірленген көк жүзіне көз тігіп, бала қиялмен әлемнің бұрыш-бұрышын шарлап шығатын. Жаздың жайма шуақ күндерінің бірінде, көк шалғынға бүйірі шыға тойған қой жусауға кірескенде бұл қолына үйден ала шыққан, жақында ғана қазитші шал әкеліп тастаған «Балдырған» журналын оқуға кірісті. Кезекті бір бетіндегі балуан Жақсылық Үшкөмпіров туралы жазылған мақаланың бір сөзін жібермей оқып шықты. Бірнеше рет оқыды. «Шіркін-ай менде Жақсылық сияқты күреске қатысып жөнестерге жетсем, атақты палуан болсам, атағым шықса, Сәуле маған қарамағанда қайтеді». Өзін-өзі осы оймен шегеленген, қайтсе де бұл жоғары білгенге қол жеткізуім керек деген нық сенім Қасенханды күрес жолына түсуге біржолата алып келді. Көз алдына аяулы Сәулесінің құлділеген жүзі келген сайын күрес әлеміне белсене түсіп тереңдей ене берді. Балалық қиялына қанат байлаған сүйкімді Сәуле қыз кейіннен махаббат үшін күрес майданының майталманы болған Қасенханның сол жанқиярлық әрекеттерінің барлығы өзіне деген ыстық махаббаты үшін жасалғанын біле ме екен? Кейіннен Алматы қаласындағы Қазақтың физкультура институтында оқып жүргенінде жерлесім деп сол кезде С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінде оқып жүрген Сәулеге барып, сырттай көріп тұрғанымен, мен-мен деген жігіттерді екі бүктеп тастайтын балуанды махаббаттың қорқынышы құрықтап, ұнатқан қызға тіл қатуға, сөз айтуға дәрменін келтірмеді. Бүгіндері кей шақтарда кеудесіне шок салған сүйікті сол Сәулелі бір көріп, «Міне, бүкіл әлемнің чемпионы атанып келдім. Сені сүйетін Қасенханның ғой деп айтқым келеді» дегісі келеді батырмыздың. Балаң жігіттің бойына үлбіреген сол сұлуға ғашықтығы әлемді бағындырған қуат бергендігін ести отырып, махаббатты құдыретті емес деп айта аласыз ба?

1978 жылы аудандағы мектептердің қара шаңырағы атанған Жаркент қаласындағы Б.Алтынсарин атындағы орта мектептің 10 классын аяқтаған Қасенхан өз шешімімен өмірін күрес өнеріне біржолата бет бұрып, Шымкент қаласындағы педагогикалық институттың «дене тәрбиесі» факультетіне студенті болып қабылданды. Институт қабырғасында оқи жүріп көптеген күрес өнеріне пайдасы тиетін нәрселерді көкейіне түйіп, ойына бекем байлады. Адам денесінің құрылымы, оның қозғалысы, күрес кезіндегі адамның психологиясы – бәрін ғылыми тұрғыдан оқып танысты. Әр адамның бойындағы күрестің әдіс-тәсілдерін байқап оның қолдана алуына қарай қарсы әрекет жасау керектігін ойда ұстауды үйренді. Жоғары оқу орнында жүрген кезінде Қабанбаев Төленді сияқты талапшыл әрі көптеген КСРО көлемінде күреске түсіп жүрген балуандарды дайындаған тәжірибелі бапкердің қарамағына түсті. Сондай бапкердің бірі ғылым жолын күрес өнерімен ұштастыра алып жүрген, факультет деканы, академик Мардан Баймырзаұлы Сапарбаев болатын. Тәжірибесі мол, айналысқан ісінен нәтиже шығаратын шәкірттерді жақсы тани алатын, олардың әрбіріннің жігерін жасытпай үміттендіре дайындайтын республикалық дәрежедегі жаттықтырушы болатын. Тынымсыз, шебер ұйымдастырушылық

еңбегінің арқасында кейіннен сол институттың ректоры дәрежесіне дейін көтерілді. Жаңы жайсаң, шәкірттеріне жүрегі жылы сол ағасы тек Қасенханды ғана емес, Қасенхан сияқты талай талапты шәкірттердің бойындағы құштарлығын ұштап, биіктерге ұмтылған құлшынысына қанат байлап, дұрыс бағыт-бағдар берген жанның бірі еді. Қазақ балуандарының ежелден қолданып, жеріне жеткізе игерген әдістерінің бірі – жамбасқа салып лақтыруды өзімен етене біткен тәсіл деп санаған Қасенхан әр күнгі жаттығу сайын осыны қарсыласына көз ілеспес жылдамдықпен жасауды, онға да, солға да тастауды үйренді. Сығымдай ұстап қарсыласының қолын бұрау, қатты қысып қарын талдыру, айналып кетіп ту сыртына шығу, қапсыра құшақтап шалқалай лақтырып жауырынымен қадау сияқты әдістерді тұйықсыздан жасаудың әбжілі болды. Әсілінде, қазақ елі арасында ежелгі ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей беріліп келе жатқан көпшілікке кең тараған айтулы өнердің бір түрі – күрес. Бұрынғырақ үлкендер күн еңкейе ауыл маңындағы төбе басына жиналып, жамбастап жатып салықалы әңгіме-дүкен құратын. Қашаннан да үлгі тұтар аңыз-әңгімеге құмар жастар жағы, олармен бірге балалар жинала қалса, қариялар сөздерін тоқтатып, доғара салып, біріне-бірі көз қысысып, ымдаса қойып, «Әй, мынау күшті сияқты ма, кәне, ана пәленшемен күресші, сен мықты көрінесің деп» дем беріп, қалғандары кеу-кеулеп ортаға шығарып жіберіп, қара домалаттардың арпақ-тұрпақ алысандарын қызықтап отыратын. «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» демеушіме еді аталарымыз. Әлі де буыны бекемген, күрес тәсілін жөнді білмейтін балалар ышқырларын көтерісіп қойып намысқа тырысып, үлкендерден көргенін істемек болып бар күшін салып күресіп жататын. Ауылдық жердегі бар қазақтың жалаңаяқ, жалаңбұттары өткен осындай соқпақтан бұл да өтті.

Жалпы күрес өнері адамның бойында күш-қуаты тасып тұрса үлкен-кіші дейтіндей жасқа қаратпайды. Азия мен Еуропа елдерінің небір апайтөс, танымал балуандарының қабырғасын қаусатқан Қазақмұқан, қазақ жерінде өнер көрсетіп жүрген көшпелі цирктің балуандарының мен-мен дегендерінің жауырынын жер иіскеткен Балуан Шолатай даңқты аталарының күресін жалғаны тоқып өскен Қасенхан алдында қандай тосқауыл тұрса да бұзып өтетін адамдардың санатынан жаралған жанның бірі болатын. Онда да артында жігерін жалындытып, намыс пен кектен жаралған қара ормандай халқы қолдап тұрса неге жеңіске ұмтылуға тәуекел демеске. Бұған тек іште бұлқынған қуатын, белгілі бір бағытқа бұра білген, бағыттай білген еркі жоғары адам ғана жеңіске жетеді. Қасенхан белдесуге шығар алдында өзін ауыр сын күтіп тұрғанын, сонау жылдардан бергі жинаған тәжірибесін қолдану сәтінің мәртегі келгенін жақсы түсінетін. Балуандардың көбінде айғасқа сәттерде ауыр ойдан аулақтап, өткенін естеріне алатын кездері жиі кездеседі. Мұның да ойына сонау жас кезінен бастап күрес жолына түскелі бері қалған көздері көкжалдың жанарындай жапың кілемге шыққан көптеген елдің талай-талай «сен тұр, мен атайын» дейтін жігіттермен айқасқа түскені оралатын. Кілемге шығып тұрып, төрешінің ысқырығы шалына салысымен қарсыласының ойлануына мұрша бермей ұстаса кетіп, кілем үстіндегі жаттығуда жүргенде жасайтын әдістеріне салатын. Қолданар тәсілі мен қайсарлық қайраты қатар жүрген Қасенхан көп ұзамай КСРО-ның жасөспірімдер құрамасының мүшелігіне алынды. Кейіннен спорт шебері нормасын орындап, 17 жасында Қазақстан құрамасының мүшелігіне қабылданды.

КСРО кезінде елде құрылған спорт қоғамдарының арасында спорт бәсекелері өткізіліп тұратын. Соның ішінде олардың балуандармен жүргізетін жұмыстары да сарапқа салынатын. Қасенхан 1981 жылы 20 жасында КСРО бойынша өзі құрамында болған «Динамо» спорт қоғамының бас жүлдесін жеңіп алды. Осы қарқынмен артында қалған ауыл жұртының сенімін арқалап барып 1985 жылы Әзірбайжан елінің астанасы Баку қаласында КСРО бойынша өткен «Ауыл спорты» ойынында күміс медальді омырауына тағып қайтты. Сондағы жарыстарда ғой қазақтың қайсар ұлының кең байтақ одақтың бұрыш-бұрышынан жиналған, ұлкен тұғыздан үміттенген көптеген балуандарының денесімен боз кілемнің шаңын сүрткені. Сол жылдары ғой алқалы жиынға, кездесулерге, шақырылған жерлерге барған Серғазиев Қасенханның аты аталса залдағы жұртшылықтың тікесінен тұрып, қол соғып қарсы алатын кездері. Қазақстанның 57 келі салмақты сегіз дүркін чемпионымен кездесу жұртшылық үшін де үлкен мәртебе еді. Баяғы жылдардағы журнал бетіне шыққан мақала оқырман көпшіліктің көңілін аудармаса да күрес дегенде ішкен асын жерге қоятын Қасенхан сияқты ауылдың баласына қатты ықпал еткені түсінікті. Арманшыл баланың қиялына жарк етіп журналға шыққан есімімен қанат байлаған атақты Жақсылық Үшкөмпіровпен бірінші курста оқып жүргенде, Шымкент қаласындағы үлкен бір жарысқа барғанда жолығып, амандасқан болатын. Бала кезіндегі қызықты қиялының жүзеге асқаны емес пе бұл. «Тау мен тау кездеспейді, адам мен адам дидарласады». «Спорт дегеніңіз бір сикыр дүние» демекші одан кейін де 1978 жылы Целиноград (бұрынғы Ақмола, одан кейін Астана, қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласында өткен тағы бір республикалық жарыста бірге болу мүмкіндігіне ие болды. Жақсылықтың әрбір белдесуге шыққан сайынғы кілем үстіндегі жүрісіне, күресіне айрықша назар аударып, үйренерін ойға жұптады. Қасенханмен қатарласа шыққан асыл азаматтардың бірі атақты балуан Шәмлі Серіков еді. Кезінде өзінің шебер күресімен талайды тәнті етіп, КСРО-ның туын әлденеше рет желбіреткен, екі рет алем және 1980 жылғы Москва Олимпиадасының чемпионы, қазақтың қайсар ұлының бірі – Шәмлі Серіковпен ол кездегі жасыл желек жамылған астанамыз Алматы қаласындағы «Динамо» спорт кешенінде

бауырлардай бірге сыйласа жүріп жаттығып, қолданар әдістерін бірігіп шыңдады. Талапты қоя білетін, мінезі қаталдау бапкері Бәзілібаев Жақсыбайдың жаттықтыру кәсімінде Шәмлі екеуі қан-сорпалары шыққанша алысатын. Жаттықтырушысының көрсетіп берген әдіс-айласын сан рет жасап, қайталап, келесі кездесу өтетін күнге дейін салмақ қуалап, таң асырған аттай болып жарысқа түсетін-ді. Шымкенттегі оқуын бітірген соң осы Жақсыбай ағасының қамқорлығымен 1980 жылы Алматыдағы денешынықтыру институтына түсіп, оқуын әрмен жалғастырды. Қасенхан институттың «физкультура және спорт» факультетін мамандығы бойынша бітіріп шыққанша өз аясында ұстап, баптап жарыстарға қосып жүрді. Алматы сияқты күрестен әртүрлі жарыстар жиі өткізілетін, деңгейі жоғары атақты балуандармен кездесу мүмкіндігі көп қалада жаттығумен айналысудың Қасенхан үшін үлкен тәжірибе жинау алаңы екенін бапкері жақсы білген еді. КСРО кезінде грек-рим күресінен өткізілетін әртүрлі белдесулерге қатысып, одақтың түкпір-түкпіріндегі көптеген қалаларында болып жүрді. Жалпы грек-рим күресі дүниежүзінің көптеген елдеріне таралғандықтан ол мемлекеттерде әртүрлі даталарға, оқиғаларға байланысты турнирлер, жарыстар өткізіліп отырады. Жарыстарға қатыса отырып, сол барған жеріндегі халықтың тұрмыс-жағдайымен танысып, тарихи-мәдени орындарын аралап көріп, өз танымын кеңейтуді де ұмытпайды. Әзірбайжанның астанасы көне Бакуде, Белоруссияның ірі қалаларының бірі – Гроднода, Ресейдің Ворошиловград, Ульяновск, Пермь сияқты көне қалаларының күрес ареналарында болып, жеңіс тұғырына көтеріліп, марапаттарға ие болып, елі мен ауылдастарын риза етіп қайтып жүрді.


Айтса да, ауылдас демекші, 1985 жылдың өзінде алғашқылардың бірі болып туған ауылы Сарыбел мен Тұрпанда грек-рим күресінен секция ашып, жастарды осы өнерге баулай бастады. Кейіннен Қасенханның мектебінен шыққан көптеген шәкірттері үлкен күрес ареналарынан көрінді. Біразы бапкерлік жұмыс жасап, өздері шәкірт тәрбиелей бастады. Бұл ісін ауыл жұртшылығы және шаруашылық басшылары қуана қолдап, еңбегі ескеріліп, жалақы төлеуді қолқоз реттеп отырды. Қасенханнның Еуропа елдерінің бірінен орылып келе жатып Москва қаласындағы аэропорттағы басынан өткізген жағдайы бұдан кейінгі өміріне ұмытпастай із тастаған оқиға болды. Украина елінде грек-рим күресінен өткен жарысқа қатысқан бір топ жерлестерімен орылып келе жатқанында Москваға аялдап, келесі күні Алматыға ұшатын самолетке билеттерін алып қонақ үйлердің біріне жайғасып демалысқа кіріскен. Ертерсі күні ұшаққа мінерде Қасенханнның қол жүгіне байланысты бір әңгімелер туып, сонымен қарбаласқа түсіп, мәселенің мән-жайын анықтағанша басқа жігіттер асай-мүсейін жинап алып самолетке отырып ұшып кеткен. Көтерген қол жүгі мен бар киімі үстінде, қалтасында Алматыға ұшатын ұшақтың сала құлаш билетінен басқа тұлдыр да жоқ батырымыз қоныш шығатын орынға төлейтін қаржысы жоқ, бір тәулік бойы тынымсыз аэропорт ғимаратының табанына төселген тас тақталарды санап тікесінен-тік жүріп шығыпты. Ертерсіне Алматыға ұшатын ұшаққа отыратын адамдарға қосылып кезекке тұрып, тексеруден әйтеуір ескі билетімен өтіп, әуірімінен ұшаққа отыратын трапка да жетіпті. «Ендігі қалған ең қиын мәселе ұшақтың салонына кіру болды. Басыма не істеу керектігі туралы сан түрлі ой келді. Отырғызылу басталып жылжып келе жатырмыз. Алдымғы жағымдағы жасы менен көп үлкен, жақсы киінген ағамызды танытын сияқтымын. Бұрындары теледидардан өлен оқығанын бір-екі рет көріп едім. Басқа табар амал жоқ болған соң ол кісіден кешірім сұрап жағдайымды айттым. Украинадағы үлкен белдесуде күрестен екінші орын алғанымды, кешегі күні ұшып кеткен ұшаққа кешігіп қалғанымды, қайтадан билет алуға қаражатым қалмағанын, енді «зайчик» болып кеткім келіп тұрғанымды айтып көмектесуін өтіндім. Мен туралы ұшақ командиріне түсіндіріп, көмектесіп өзімен бірге Алматыға ала кетуін сұрадым. Жақсы кісі екен әрі беделі де бар болуы керек. Экипаж командирі де жақсы адам екен. Өлгі ағамызбен амандасып, күлді де, кіргізіп бос орындардың біріне жіберді. Содан сенсенді де, сенбесеңіз де өзіңіз біліңіз, ұшақтан түсіп, аэропорт залына кіргенде мені бүкіл Алматы гүл алып қарсы алды. Алғашында ұшақтан қалып қалған мені реңкімсіз деп достарым ұйымдастырған қарсы алу шарасы ғой деп ойладым. Сөйтсем, мені қамқорлығына алып, жат жерде қалдырмай мейірімділік көрсетіп сонау Москвадан елге әкелген атақты ақын Мұхтар Шахановқа көрсетіліп жатқан құрмет екен. Қарадан қарап тұрып қысылдым. Содан кейін өзімнің поэзия саласындағы олқылығымның орнын толтырайын деп, әрі ол кісіні жұрт алдында танымғанымнан ұялып ақын ағаның өлеңдерін жаттап алдым» деді. Әңгімелесу барысында көңілі толқын Қасенхан ақын ағасының бір-екі өлеңін мектеп директоры Мұхаметәлі екеуімізге шабыттана, шалқыта жатқа оқып берді.

Күресті қойып бапкерлік жұмысқа ауысқаннан соң 2009 жылы тұңғыш рет 48 жасында Ресейліктер ұйымдастырып, Пермь қаласында өткізілген ардагерлер арасындағы ашық чемпионатқа қатысып қайтты. Ардагер балуандар арасында десек те, қатысуға тілек білдіргендер кілең бұрын биік тұғырдан көрініп жүрген атаға таудай нарқасқа балуандар еді. Қасенхан грек-рим күресінен мұндай чемпионаттар, әлем біріншіліктері жанадан ұйымдастырылып өткізіліп жатқандықтан қойылатын шарттарынан көп хабары болмаса да, көп ойланп жатпай, тәуекел деп тартып кетті. «Базарға барып бағынды сына» демеі мен атам қазақ, сол айтқандай жарысқа қажетті қаражатты, қатысу жарнасы мен жол ақысын бәрін өз қалтасынан төлеп, қарсыластарын түгел тізе бүктіріп, күресін сәтті аяқтап, бағы жанып 63 келі салмақта бірінші орынмен оралды. Мұндай белдесулер ендігі кездерде тұрақты өтетін жарыстар санатына жататындығын білгеннен кейін жүйелі жаттығып, әрі тыңғылықты дайындықпен бара бастады. Сондай дабысы алысқа кеткен дүбірлі доданың бірі 2010 жылғы Сербияның астанасы Белградта өткен дүниежүзінің 30-дан астам елінен келген палуандар қатысқан әлем чемпионаты болды. Қасенхан қызу тартыспен өткен аптадан асқан тайталаста өз салмағында дүниежүзінің балуандары арасында жеңіс тұғырындағы 3 орыннан көрінді. Қарасы қалаң қатысушылардың көлеңкесінде қалмай, балуандардың сапынан суырылып шығып қола медальді кеудеге тағып қайту үлкен абырой әперді. Іріктеуден аса алмай шаң қауып қалған балуандар қаншама.

Көп жылдар бойы жеңіс тұғырынан жиі көрініп жүрген 63 келі салмақтағы даңқты жерлесіміздің аты-жөні 2013 жылы Қазақстанның рекордтар кітабына алтын әріппен жазылды. Кеңестік кездегі Ресейдің, Еуропа, Азия елдерінен келген бұрынғы жылдардағы күрестен аты әлемге жайылған небір марғасқалары қатысқан әлем чемпионаты 2010 жылы Польша мемлекетінің Радбұш қаласында өткенді. Үлкен үмітпен келген талай қарсыластарын жеңіс тұғырына жеткізбей қол созым жерден қайыраң, Ресейден шыққан әлемге аты кеткен палуандары – В.Зангиров, Р.Халимуллин, Н.Шулеловтар қатысқан осы жарыста Қасенхан 5 орыннан табылды. Қанша мықты болсаң да белгілі бір биікке жету мүрағын алдына қойсаң оған күн сайын тыңғылықты жаттығулар жүргізіп дайындалмасаң қиялыңмен қырды да бағындыра алмайтының белгісі. Өзін психологиялық жағынан күні бұрын болатын аяқасқа бейімдеп, ертерек күрес тәсілдерін қайталай жүргізіп, бабына келген Қасенхан келесі 2011 жылы тағы да сол Пермь қаласында ардагерлер арасында өткізілген Ресей чемпионатына қатынасып, ұстасқан қарсыластарының бәрін ұтып өзі айтқандай «орыстарды орынсыз қалдырып, жылпаты» қайтты. Күресте қазақтар арасында айтылатын «итжығыс» деген ұғым бар. Қасенхан үнемі жіберіп алмай барып жүретін Ресейдегі әлем чемпионатында атақты Ресей палуаны А.Савин екеуі үнемі жекпе-жекке қалатын. Алдыңғы өткен белдесулерде оны Қасенхан ұтып кеткен еді. Ал одан кейінгі чемпионатта 2015 жылы ол чемпион болып, Қасенхан екінші орын

алды. Алма-кезек бәсекелі тартыста таразы басы тең болып 2018 жылы Пермь қаласындағы жарыста екеуі де күміс жүлдегер атанды. Қарым күші тең қос балуан жеңіске апаратын жолда бірінші бағын бірі кесіп жүрді. Тосқауылы көп тайталас күрес барысындағы тегеурінді қарсыласын тізе бүктіріп, болашақта мұның басына қонатын бақытының жол ашарындай көрінді.

2016 жылы Финляндияның көрікті қалаларының бірі Кувалода өткен әлем біріншілігі есінде жақсы сақталыпты. Бұрыннан кілем үстінде айқасып бірін-бірі ала алмай жүрген қарсыласы, көп жылдар өз салмағында (63 кг) ешкімге дес бермей жүрген күрес кеңестік кезде алты рет әлем чемпионы атанған өте тәжірибелі балуан А.Серябряковпен күреске шығып аздаған есеп айырмашылығымен ессін жіберіп алды. Қасенхан осы қолғы шетелдік сапардан төртінші орын алып қайтқанымен оған еш өкінебеді. Еуропаның дамыған мемлекеттерінің алдыңғы қатарында тұрған, халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары, мәдени дамуы көп елден озық Финляндиядан Қасенхан көңілі көтеріліп ерекше әсермен оралды. «Шет жерлік адамдардың мінез-құлқы да бізге қарағанда өзгешелеу, кейбір жағдайда тұйықтау келеді десе де болады. Дегенмен де адаммен қарым-қатынасы сөйлеу мәнері сыпайы келеді екен. Бірақ, маған сол елде жүретіннің бір парасы қалғандай күйге түсірген бір нәрсені сезіндім. Қазақстаннан бірге барған балуан жігіттер кілемге



шығып және өзін де күресіп жүргенде құлағыма еміс-еміс қазақша айғайлаған жіңішке бір нәзік дауыс естіліп қалады. Дуылдаған қалың көрермендердің шуылы басып кейде естілмей кетеді. Жанкүйерлердің арасынан шыққан қазақша шыққан жалғыз дауыс кәдімгідей көтермелеп күш беріп, демеу жасайтынын сезіндім. Жаны күйіп, қазағын көтермелеу үшін ұран тастап отырған сол қарындасымызбен де жарыстың арасындағы үзілісте жолғысып сөйлесіп, суретке де түстік. Жұмыс барысымен осында келіп тұрғылықты фин жігітін тұрмысқа шығыпты, жағдайылары жақсы, тұрақты жұмыс істейді екен. Қазақстанға келіп-кетіп тұрса да ел-жұрты сағынатынын да жасырмады. Бізді туған бауырындай көріп, жақын тартқанына риза болдым, әрі жат елде әке-шешесі мен туыстарынан жырақта жүргеніне жаным ашып айымын», – дейді сөз арасында балуан білекті, бірақ жүрегі жұмсақ Қасенхан.

Таулы елдің астанасы Тбилиси қаласында 2019 жылы грек-рим және еркін күрестен өткен әлем біріншілігі Қасенхан балуанның ұзақ жылғы төккен терінің, таңдап алған күрес жолындағы еңбегінің шырқау шегі десекте болады. Жылдағындай жан-жақтан жиналған дүниежүзінің 63 келі салмақтағы 14 балуаны дөңгелеген, бөлек-бөлек төселген кілемдерге бөлініп алып, медальдарды сарапқа сала бастады. Ел сенімі – нардың жүгін арқалаған Қасенхан алғашқы айқасын ширақ болып көрінген марокка елінің балуанымен өткізді. Мароккалық балуан Қасенханды алғашында сәл қосмыңқырап шықты. Бірақ ұстаса кетіп, әп-сәтте тұзаққа түсіп, жауырынымен қалай жатып қалғанын білмей-ақ орнына кетті. Бір қиыны мұнан кейінгі белдесулері өте мықты балуандарымен өтті. Қасенханға Қажымұқан балуанның рухы дем бергендей. Өйткені әлемге аты танымал Қажымұқан балуан осыдан ғасыр бұрын мына жарыс өтіп жатқан Грузияға тиіп тұрған Түркия еліндегі әлемдік додаға қатысып, талай балуанның өректігін әуелесін басқан болатын. Қасенханға ақ жол салып кеткендей Қажымұқан атасының ізмен бұл да екі бірдей алытып, қарулы ирандық пен айлаулы түрік балуанының пысын басып жеңіске жетті. Бар қажыр-қайратын салып, күрес өнеріндегі үйренген, игерген әдістерін көрсете шайқасқан осы белдесулері Қасенханнның есінен мәңгі кетпестей болды. Бұлар да барын салды, егер біздің балуанымызды кілемнен тайдырса олардың біреуі бірінші, екіншісі екінші орынды алып тұр еді. Бірақ, тұмысынан қайсар мінезді Қасенхан осы кездесулерде бұлардың пысын басып, десін қайырды. Алғашқы мароккалықпен күрестің алқынысы басылмай жатып, төреші ысықықты шалып қалып кілемге қайта шақырып, ирандық Х.Азади балуанмен белдестіріп жіберді. Қасенханмен болмыс бітімі шамалас балуан қаншама айла-тәсілге салып жіберіп жүрсе де ессін жібермейтін жерлесіміз қарсыласының күрес әдісінен асыра айла тауып, кілемнен салын суга түсіріп қайтарды. Жеңістің биік тұғыры неткен ұзақ еді. Соңғы сілкініс, қайратын қамшылайтын кездің жеткенін жүрегі сезді. Ішкі толқынысын ешкімге байқатпады. Төреші екеуін төрге шақырып ысықырық салып ақтық белдесуді бастауға белгі бергеннен кейін түрік балуаны Мехмет Бектас әбжілдік танытып Қасенханнның қорғанысын бұзып, айналып белге өтіп кетіп, екі ұпай алып үлгерді. Әлемдік тартыс күнде болып жатпағанын жақсы түсінген Қасенхан өмір бойы жинаған тәжірибесі мен әдісін бұдан әрі қолданбаса қалған өмірінде оның қажетсіздігін түсінді. Ұстаса кетіп атасы қазақтан келе жатқан жамбасқа салып лақтыруға бейімдеп келіп Мехмет күтпей жүрген сол жақпен кілемге атып ұрды. Артық ұпай иеленді. Сәл үзілістен кейін бетпе-бет келіп белдесіп, алтын белдікті сарапқа салып жатқандарын біліп тұрып айқасты. Өлгі бір кезде оқыс қимылдап қалып Мехметтің қос қолының сығымынан босар кезде қабырғасына дәз түскенін сезді. Ауырсынып тұратын сәт емес. Қайта ұстасты. Ұтылып жатқан Бектас бар күшін сала қимылдаса да сол қолын қысқаштай қымт қысқан Қасенханнның қос қолына түсіп қала берді. Ақырғы сәттегі секундтарда да сол әдіске түсіп ұпай алдырып қойды. Екеуін әлемнің ең атақты балуаны атағынан санаулы минуттар

бөліп тұрды. Ғимараттың төбесі жанкүйерлердің айғай-ұйғайынан қазақтың ағаш үйінің түндігіндей желпілдеді. Күрес кілемнің төресі – төрешінің де бұлар үшін соңғы ысықырығы шырқылдады. Жеңістің сәті соқты. Қасенхан әлемнің ардагер чемпиондары қатысқан чемпионатта топ жарды. Чемпиондардың чемпионы атанды. Қарсылас балуанмен әдемі қоштасқан Қасенхан Қазақстанның туын айқара жамылып жеңіс айналымын жасады.

Араға бір-екі күн салып Қасенхан енді ардагерлер арасындағы еркін күрестен өткізіліп жатқан әлем біріншілігінің кілеміне шығып, дүниенің төрт бұрышынан жиналған, жалы жатпаған көкжалдарымен айқасқа шықты. Қарсыласын ұтып, енді мұны жер соқтыруды ойлап шыққан үндіс балуанын өзінің бұрын жиі пайдаланатын бұрап соғар әдісімен көп қиналмай артына өтіп кетіп шалқалай тастап таза жеңді. Екінші қарсыласы кеңестік кезеңнің күрес мектебінен өткен украиндық балуанмен ұстасты, екінші кезеңде одан да басым түсті. Алдыңғы бір ұстасуда грек-рим күресі кезінде зақымдап алған қабырғасы еркін қимылдауға мұрша бермей күлте кеткен Қасенхан, түрік балуаны К.Коюнмен үшінші орынға қола медальды сарапқа салуға шықты. Төреші баста деген белгі берісімен тықырып тұрған қос балуан шартпа-шұрт ұстаса кетті. Алғашқы секундтарда сол бүйірге қарай жамбаспен тастаған әдісін Қасенхан толық соңына дейін жасай алмады, қолы сырғып кетіп жатты. Кейіннен білгендей түрік балуаны үстін майлап алған екен. Қоюн да қолын бермей өзі аяққа қарай ұмтылып әдіс жасамақ болғанмен Қасенханнның қорғанысынан өте алмады. Белдесудің екінші минуты аяқталар кезде әдіс жасаудан қашқақтап жүрген түрік балуанына төреші ескерту жасады. Сол сәтті ұтымды пайдаланған Қасенхан сыртына өтіп, орай құшағына алып бір рет көтере бере тастап жіберіп есепті тенестірді. Үзілістен кейін қайта басталған аңдысудың бір мезетінде әдіс жасамақ болып ұмтылған Коюнның әдісін қайыра жасап, ауынып түсірді. Есепті тенестіріп қойған Қасенхан шабуылдауға көшті. Енді бір сәтте күрес төртінші бұзғаны үшін төрттағанға түсірілген түрік палуанының осал тұсын тауып, айналдырып жіберіп тағы екі ұпай еншіледі. Кездесудің соңына қарай демі бітіп қауқары қайта бастаған қарсыласы сырт көзге ұстасқан кейіп танытқанымен кілемнен тезірек кетуді ойлай бастағаны белгілі болды. Белдесу аяқталып, төреші жеңгенін жариялағаннан кейін қос қолын жоғары көтеріп, ел абыройын көтергендігін білдірген Қасенхан боз кілемнен қуаныштан жарылардай болып отырған өз бауырларына қарай қадам басты. Тенсе темір үзетін жастан өтсе де жеделден бойына біткен қайсарлығына басып 58 жасында «Грек-рим күресінен Әлем чемпионы» деген атақты иеленіп қазақ халқын дүр сілкіндірді. Дүниенің бұрыш-бұрышына аты кетіп, одан қалса алты алашқа әйгіленіп, еркін күрестен ардагерлер арасында өткізілген әлем чемпионатының алтынға бергісіз қола медалін омырауына тақты. Бір басы екі бірдей күрес түрінен, онда да айналасы аптаның ішінде әлемдік жүлдегер атануы қазақ балуандарының арасында шанда бір сирек кездесетін құбылыс. Мұндай ерлік шын мәнінде кей азаматтардың өмірінде бірақ рет болатын сәт емес пе?!


Грузиядағы әлем чемпионатынан оралғаннан кейін көптеген мекемелер мен ұйымдардың, мектептердің басшылары шақырып кездесулер ұйымдастырып, халыққа Жаркенттің атағын абыройлы істерімен көрсетіп жүрген ардақты азамат ретінде таныстырды. Аудан әкімінің қабылдауында да болып қайтты. Өзі арқылы беріп жіберілген грек-рим, еркін және әйелдер күрес федерациясының республикалық қоғамдық бірлестігінің Бас хатшысы А.В.Волохтың аудан әкіміне арнайы жазылған хатын табыс етті. Ол хатта аудан басшыларының Қасенхан Серғазиевтің халық алдындағы еңбегін ескере отырып әлемді мойындатқан балуанның отбасына пәтер бөлу мәселесі айтылған еді. Қанша дегенмен де әрбір спортшының дүниежүзілік аренадағы жеткен жоғары нәтижесі сол мемлекеттің даму дәрежесінің көрсеткіші екенін жақсы түсінетін жандар емес пе. Осы мәселені біздің ауданның басшылары да болашаққа сілтемей шешіп бере алатын мүмкіндіктері бар деп санаймыз.

Қасенхан қашан болса да көзі тірісінде аты ұранға айналған Сағайдай батыр бабасын пір тұтып, Қажымұқан, Балуан Шолақ балуандарға сыйынбай кілемге шықпайтын, Алласын аузынан тастамайтын, бес уақыт намазын қаза қылмайтын Қасенхан өмірде біртоға күй кешіп келеді. Өзгеден аспады, өзін төмендетпеді. Өміріне серік еткен күреске құмарлығы болмаса өзі айтқандай «әр жерден алып келген дүниемді жинай берсем оны көргендер байлығымды көріп қызғанып, талайлары талып қалар» еді дейді. Арасында Грузияға барарда қаржы таба алмай, үй салмақ болып жиган аздаған құрылыс материалы мен ірбәтасқа деген құйма жиектастарды досына айтып, әрең дегенде сатып, жарыстың қатысу жарнасын төлеп барғандарын айтып, бір осы кездесуді ұйымдастырып отырған Н.Н.Головацкий атындағы мектептің директоры, белсенді спорт жанашыры Туғанбаев Мұхаметәлі екеуімізді бір күлдіріп алды. Аудандық аурухананың хирургия бөлімінде мейірбике болып жұмыс істейтін жұбайы Ұлбосын екеуі үш қыз, төрт ұл тәрбиелеп отырған үлкен отбасы. Перзенттерінің алды өздері таңдаған оқу орындарын бітіріп, мамандықтарына қарай қызметтерін абыроймен атқарып, әке атына кір келтірмей істеп жатыр.

Қасенхан Серғазиев халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Көзін ашқаннан батырлардың, жажүрек жандардың ерлігін өзіне үлгі-өнеге тұтып өскен азаматтың да алдыға қойған мақсаты биік. Қазіргі күндері Панфилов аудандық жасөспірімдер спорт мектебінде грек-рим күресінен жаттықтырушы болып жұмыс істейді. Жаскент қалашығындағы Мәдениет үйінде кіші залды күреске ыңғайлап алып жаттығу жүргізеді. Шынықтыру жұмыстарын жүргізуге қажетті қазіргі заманғы түрлі тренажерлер жотқын қасы, тек кара кілемдер ғана бар. Сонда да болса кілемдегі жанкешті жаттығу жұмыстарын жүйелі жүргізгеннің арқасында Қазақстан Республикасының үш дүркін чемпионы Мұхаметқали Серғазиевті, республиканың бірнеше дүркін чемпионы Ш.Османовтарды әлемдік аренаға шығарды. Жаскенттегі Н.Н.Головацкий атындағы орта мектептің түлегі, оқушылар арасындағы жарыстан республиканың бірнеше мәрте чемпионы атанған Нұржан Нұрбеков 2017 жылы Болгарияның Пловдив қаласындағы ардагерлер арасында өткен чемпионатқа қатысып, әлем чемпионы атағын ұтып алды. Орайын келтіріп жүріп шәкірті Н.Нұрбеков екеуі тағы да сол Пермь қаласындағы әлем чемпионатына қатысып, өз салмақ дәрежелеріне қарай чемпионаттың күміс медалін омырауларына жалтылдатып тағып келді. Бір аралықтарда қолда қаражат болмай қалған кездерде ұдайы қолтығынан демеу жіберетін, ұстазын қадірлей білетін сүйікті шәкірті Нұржанға да ризашылығын білдіріп отырды. Ел абыройын нықтасып, қолдасып лайықты қорғап жүргендері сол сыйластық қарым-қатынастың арқасы емес пе? Сырым Әбілқайдаров, Мәулетхан Әзімбаевтар сияқты балуандарды дайындады, олар оқушылар арасында өткен республикалық жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегерлері болып грек-рим күресінің шебері нормасын орындады. Жаттығу кезінде үнемі қимыл әрекеттерін бақылап, қателіктерін дер кезінде түзетіп көрсетіп баптаған балуандары Ернат Сабырқұл мен Айқын Серғазиевтер оқушылар арасында ұйымдастырылған Қазақстан Республикасы біріншілігінің күміс жүлдегерлері атанып қайтты. Бұлардың аудау биігі әлі алда тұрған өрендер. Қарапайым қазақ отбасынан шығып, еліміздің көк байрағын өзге жұрттың жерінде желбірте көкке көтерген даңқты азаматтарымыздың қатарын Жаркенттің жолбарысы Қасенхан да толықтырып тұр.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы»
газетінің Бас редакторы.

«Құтты білік» – құнды кітап



Түркі әлеміндегі қоғамды, мемлекетті басқарудың алғашқы жазбаша жүйелі тұжырымдамасы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанынан бастау алады десек қателесе қоймаспыз. Өйткені оған дейін жазылған шығыс ғұламаларының трактаттарында ел басқарудың жан-жақты қыры мен сыры «Құтты біліктегідей» жүйеленгені көре алмадық. Оның бұл шығармасы кәзіргі ел басқарып жүрген азаматтарға да құнды нұсқалық.

Жүсіп Баласағұн осыдан тура мың жыл бұрын (1020 жылы) кәзіргі Қырғызстанның аумағындағы Баласағұн қаласында өмірге келіп, Шығыс Түркістандағы Қашқар қаласында өмірден өткен. Қайтыс болған жылы белгісіз. Десек те оның шығармаларынан, ол туралы аңыз деректерден ұзақ жасаған, саясатта саралы абыз қария болғанын аңғару қиын емес.

«Құтты білік» дастанының сюжеттік желісі негізінен шығарманың бас қаһармандарының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарынан, бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Төрт түрлі ізгі қасиеттің символдық көрінісі ретінде бейнеленген негізгі төрт қаһарман қоғамның көкейкесті мәселелері туралы әңгімелеседі. Мұндай сұхбатта олар ел басқарған әкімдер қандай болуы керектігін, оқу-білімнің қажеттігін, әдептілік пен тәлім-тәрбие мәселелерін дидактикалық-философиялық тұрғыдан сөз етеді. Мәселен, ақын әдептіліктің алуан түрін жырлай келіп, солардың ішіндегі ең бастысы – тіл әдептілігі деген түйін жасайды. «Құтты білік» дастанының авторы метафора, аллегория, гипербол, мензеу, астарлап сөйлеу сияқты көркемдік құралдарды аса білгірлікпен пайдаланады. Дастанның әдеби, тілдік, тарихи тұрғыдан ғылыми мәні ерекше. Бұл дастан бергін келе төрткүл дүние ғалымдарына қазақ халқының этникалық құрамын қалыптастырған ру-тайпалардың орта ғасырлардағы тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, әдет-ғұрпын, сөз өнерін, тілін зерттеп білуге негіз болғаны даусыз.

Оның өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Ол философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастаны арқылы

қалды. Жүсіп Баласағұн бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, кәзіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды «хандардың ханы» – Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 - 1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұнға «хас хажиб – бас уәзір» немесе «ұлы кеңесші» деген лауазым берген.

Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі, Герат қаласындағы 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (кәзір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), екіншісі, 14 ғасырдың 1-жартысында Египетте араб әрпімен (Кайрдың Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Наманған қаласынан табылған үшінші нұсқа 12 ғасырда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, «Құтты білік» дастанының ғылыми негізделген толық мәтінін жасап шықты. Венгер ғалымы Герман Вамбери (1832 - 1913) «Құтты біліктің» бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп бастырып шығарды. Бұл шығарманы зерттеу, мәтінін дайындау және аударма жасау ісімен орыс ғалымы В.В. Радлов жиырма жыл бойы (1890-1910) айналысқан. Түркия ғалымдары 1942-43 жылдары «Құтты біліктің» үш нұсқасын да Стамбұлдан үш том кітап етіп шығарды. «Құтты білік» дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған. Оны Каримов өзбек тіліне (1971), Н.Гребнев (1971) пен С.Иванов орыс тіліне (1983), А.Егеубаев қазақ тіліне (1986), бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне (1984) тәржімалаған.

«Құтты білік» дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күн туды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған.

«Құтты білік» поэмасы энциклопедиялық шығарма болып табылады. Оны жазуда автор саяси әуенді басшылыққа алғандығын аңғару қиын емес. Ол қарахандар әулетіне жоғары дамыған Мауераннахар, Шығыс Түркістан тәрізді аудандарды басқарудың жолдарын үйретуге тырысты. Әрине, шығарма тек саяси трактат көлемінде қалып қоймай, орта ғасыр дәуірінің ғылым, мәдениет салаларын да қамтиды. Адам тағдыры, өмірінің мәні, орны мен әлемдегі рөлі жайындағы мәселелер де қаралады. Сонымен бірге, Баласағұн философиялық, шамандық, исламдық дүниетанымда болғандығын білеміз. Философияны поэзия арқылы жеткізу орта ғасырлық шығыстық үрдіс еді. Екінші бір қыры – исламға дейінгі әр түрлі нанымдар. Шығармадан шамандық түсініктер көрінеді. Исламдық идеология да елеулі орын алады. Бұл жайында А. Н. Романов пен С. Н. Иванов: «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасы – ең алғаш, ең көне, әзірше жалғыз, мұсылман идеологиясының негізінде, осы идеологияны уағыздаушы ретінде түркі тілінде жазылған шығарма», – деп баға береді. Кітапқа көшпенділер тұрмысы мен аңшылық өнерін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері енген.

Биыл мың жылдығы атап өтілетін ғұламаның «Құтты білік» сынды мұрасын зерттеп, жаңғырту замандастарымызға үлкен ғибрат берері сөзсіз.

Ажар БАЙСЕРКЕЕВА,
мұрағат қызметкері,
Жаркент қаласы.

Бүгінгі мақаламызды Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен бастар болсақ: «Сөздің ең ұлысы – тарих». Ал, тақырыпты аша түсу үшін «Елді ояту үшін тарихты ояту керек...» деген ғалым ағамыз Мырзатай Жолдасбековтің сөзін арқау ете отырып, өскелең ұрпаққа тәлімді тәрбие беру үшін тарихтан ешқашанда қол үзбеуіміз қажет. Тарихпен тамырластықта, сабақтастықта берілген тәрбие жас ұрпақ бойында патриоттық сезімді қалыптастырары сөзсіз.

Саралап қарасақ, биылғы жыл егеменді еліміз үшін айтулы тарихи даталарға толы жыл. Мәселен,



Тарихтың алтын дінгегі

ұлы ойшылдарымыз Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мен Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, сонымен қатар қазақ мемлекетілігі шежіресінде ойып алар орны бар Алтын Орданың 750 жылдығы да тұспа-тұс келіп отыр.

Алтын Орда – өз заманында Еуразияны тітіреткен мықты мемлекет болды. Оның қол астында бір-біріне қоғамдық, экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі жағынан бір-біріне ұқсамайтын айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар мен ұлыстар кірді. Алтын Орда халқының көп бөлігін және негізгі өзегін киіз туырлықты көшпелілер құрады. Оның ішінде – қыпшақ, қалы, найман, дулат және басқа да көптеген туыстас түркі текті тайпалары болды. Ал, отырықшы жұрттардың құрамына – бұлғарлар, мордвалар, орыстар, шеркестер, хорезмдіктер және тағы басқа біршама ұлыстар кірді. Мемлекет аумағына Батыс және Шығыс Дешті Қыпшақ даласы, Еділ бұлғарларының жерімен бірге Қырымды қоса алғанда Еділден Дунайға дейінгі жер, Солтүстік Кавказ, Хорезм мен Батыс Сібірдің бір бөлігі енді. Алтын Ордада жаулап алынған жер мен халықтарды басқару үшін мемлекетте ұлыстық жүйе енгізілді. Орда оң және сол қанатқа бөлініп, кәзіргі Қазақстан жерінің көп бөлігі сол қанаттың құрамында болды. Алғашқы жылдарда Алтын Орда ұлысы Монғолиядағы ұлы ханға тәуелді болған еді. Алайда, Батыйдың інісі Берке ханның (1256-1266 жж.) тұсында дербес тәуелсіздікке қол жеткізіп, одан кейінгі Мөңке хан (1266-1280 жж.) өз атынан теңге шығара бастады.

Осы орайда атап өткім келетіні, осынау алып империяның негізін қалап, билік құрған қазақ хандарының тұпатасы саналатын Жошы ханның кесенесі қазақ жерінде екендігінен бірі хабардар болса, енді бірі хабарсыз. Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы ресми мәлімдеме жасап, Жошы ханның кесенесін зиярат еткен ел Президенті Қ.Тоқаев Халықаралық туристік форумда: «... Ұлытау аймағы міндетті түрде Қазақстанның туристер тарту картасының алабығы қатарында болуы шарт. Бұрын жобаланған «Ұлытау» ұлттық табиғи паркі құру мәселесін жүзеге асыру керек. Биыл мұнда туристер үшін арнайы орталық ашылуы тиіс», – деп, атап өтті. Сонымен қатар, «Біз Алтын Орда негізін қалаушы Жошы ханға міндетті түрде құрмет көрсетуіміз керек. Аса маңызды миссия: бүкіл әлемнің назарын осындай тарихи тұлғаға аудару және оның кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру» қажет екендігін де нақтылап айтты.

Жошы ханның кесенесі еліміздің орталығы Ұлытау жерінде орналасқандығы баршаныңға мәлім. Ал, «Шыңғыс хан тұрағы» аталатын табиғат ескерткіші Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылдық округіне қарасты Желдіқара асуы аймағында орналасқан шоқы екендігін де көп адам ескере бермейді. Бұл

шоқының биіктігі шамамен 90-100 м шамасында. Формасы тақияға ұқсас болғандықтан көпшілік жұрт «Тақия төбе» деп те атайды.

Халық аңызы бойынша, Шыңғыс хан өзінің батысқа жасаған жорығы алдында осы тұста әскерін шоғырландырып тоқтаған кезде ханның шатыры осы төбеге тігілген деседі. Төбеден қарағанда, айналадағы жалпы Күренбел өңірі алақандағыдай көрініп тұрады. Тарихымыздың 1219 жылы Шыңғыс ханның әскері Жетісу жеріне екінші рет кіруімен белгілі. Қытай империясын толығымен бағындырған ол енді ат басын Дешті Қыпшаққа бұрады. Ұлы жорық алдында әскерлерін тынықтырып алмақ үшін Шыңғыс хан Алтынмемел тауларына тоқтайды. Күренбел өңіріндегі оқшау шыңға Ордасын тіктіріп, Хан кеңесін шақырады. Жарлық бойынша біртұтас болып келген әскерін осы жерде үш тарапқа бөліп, ұлы жорыққа аттанған екен. Мінекіей, осылайша біз, тарихшылар, осындай деректермен бөлісу арқылы ұрпақтар сабақтастығына өз септігімізді тигізетіндігіміз аян.

Алтын Орда мемлекеті ислам дінін мемлекеттік идеологияға айналдырып, халқы ислам дінін қабылдады. Осының нәтижесінде көп ұлтты халық этникалық белгілеріне қарап тұтастанудан гөрі, идеологиялық рухани бірлікке қарай топтаса бастады. Мұсылман дінінің мемлекеттік идеологияға айналуы, мемлекеттің құрылымдық жүйесінің өзгеруі, мемлекетті басқару жүйесіне де түбегейлі өзгерістер әкелді. Рулық, тайпалық, жүздік құрылымдар, хандық, этникалық бірлікке емес, рухани-идеологиялық бірлікке негізделіп, топтастырылды. Әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлер де елеулі өзгерістерге ұшырады. Рулас, қандас адамдар арасындағы некелік қатынастарға тыйым салынды. Ол өз кезегінде әйелдердің қоғамда еркін жүріп-тұруына мүмкіндік туғызды. Әйел заңына деген қатынас тек сыйластыққа негізделді. Қоғамда әйелге деген ерекше сый-құрмет қалыптасып, ананы, әпке-қарындасты халық арына баланды. Бүгінгі күнге дейін жетіп отырған шешендік, жыраулық дәстүрдің қалыптасуы да осы Алтын Орда дәуірінде болған деп айтуға негіз бар.

Алтын Орда мемлекетінің ыдырауымен тарих сахнасына шыққан Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы мен ұлан ғайыр алаш даласында бой көтерген Қазақ хандығы түркінің оршыл рухы мен өзінің рухани, мәдени дербестігін сақтап, мұсылманшылық жолды қадір тұтты.

Бүгінгі өз мемлекеттігін қалпына келтіріп, тәуелсіз ел болған қазақ халқының рухани, мәдени түсінігінде Алтын Орда ұғымының алатын орны ерекше. Өзінің өткеніне баға беріп, жеңісімен мақтанып, жеңілісінен сабақ алатын дәрежеге жеткен Қазақ елі Алтын Орданы түркінің рухани әлемінің ислам негіздерімен тұтастыра өрілген бүкіл болмысының бастауы деп түсінетіндігі кәміл.

Жанар АБДЫКАСИМОВА,
Жаркент қаласы.

Жуырда ғана Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жауынгерлік Даңқ музейі» мен «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейінің бірлесе ұйымдастыруымен Алтын Орда хандығына 750 жыл толуына байланысты «Айбарлы Алтын Орда» тақырыбында тарихи – танымдық конференциясы өткізілді. Аталмыш ауқымды іс-шараға ауданның ішкі саясат, мәдениет бөлімімен және БАҚ өкілдері, Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі студенттері мен мектеп оқушылары қатысты. Конференцияның жүргізуші модераторы қызметін – Раев Әбдімұрат атқарды.

Конференцияда Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің және қалалық мектептердің тарих пәні мұғалімдері: «Алтын Орда» (Құатбеков Е.), «Алтын Орда – тарихтың дінгегі» (Абдықасымова Ж.) және «Алтын Орданың айбарлы билеушісі - Берке хан» (Ауесбаева М.) атты тақырыптарда баяндама оқып, слайдтар көрсетіп тарихтың деректер беретін құнды мәліметтерімен бөлісті.

Танымдылығы мол конференция



Ауданымыздың ішкі саясат және мәдениет бөлімінің өкілдерінен кейін сөз алған, аудан тарихы жайлы қалам тербеп жүрген ақын жерлесіміз, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Солтанаев Молот Мұсаұлы жиынға арқау болған тарихи оқиғаны да Жаркент жеріне қатысты екеніне тоқталып өтті. «Бұл тарихымызға көрсетіліп отырған тағы бір үлкен құрмет. Сондықтан бүгінгі конференция алдағы үлкен мақсаттарға жол ашатын кадам болады деп ойлаймын. Осындай маңызды жиынды ұйымдастырушыларға алғысымызды білдіремін» деп өз сөзін аяқтады. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары конференция қонақтарына арнап патриоттық әндерін орындады.

Сөз соңын «Жауынгерлік Даңқ музейінің» меңгерушісі Ибраһымжанов Қали Тұрдығазыұлы Қазақ мемлекеттілігі тарихындағы Алтын Орданың тарихи маңызының зор екендігін айтып қорытындылады.

Жадыра ЧАНБАЕВА,
«Жауынгерлік Даңқ музейінің»
қор сақтаушысы,
Жаркент қаласы.

ОЙТОЛҒАУ



24
Ия салақтығым ба, әлде жайбасарлығым ба көп дүниеден кешігіп жүретінім бар...

Ақын ағамыз Сәкен Иманасов көз жұмды. Суық хабарды газеттен оқыдым. Көңілім бірден олқы тартып сала берді. Өзегіме өксік кептелгендей үнсіз ғана бет сипадым. Иманды бол дегенім. Естеліктер елес берді...

Құлагер ақын Илияс Жансүгіровтың жүз жылдығы. Облыста ақынға арналған жыр мүшәйрасы болады деп Жаркенттен Құсайын екеуіміз бардық. Мүшәйраның қазылар алқасының төрағасы Сәкен аға Иманасов екен. Адуынды, бетің бар, жүзің бар демей тіке айтатын адам. Ол кісіні сыртынан Әбен ағаның айтуымен танымын. Жаркенттің тумасы, жетісулық белгілі ақын Әбен ағамыз (Дәуренбеков) Сәкеннің туған күйеу баласы. Марқұм Қайыңжамал жеңгеміз осы ағасына қатты ұқсайтын. Бірақ, жеңгеміздің жүзі жылы, жүрегі жұмсақ еді. Сәкен ағаны көргенде көз алдыма көп естеліктер елес берді...

Мұшайрадан Құсайын (Бейсебаев) бірінші, мен екінші, Дастан Толымбеков үшінші орын алдық. Жұлделі үш орынды да жаркенттіктер алыпты. Жомарт досым (Игіманов) «бұдан кейін жаркенттіктер келсе, біз қатыспай-ақ қоюымызға болады екен» деп әзілдегені есімде.

Мұшайрадан кейін Әбекен «Сәкен ағаға жұлдемді жуып берсек деп едік» деді Құсайын екеуіміз, айтулы ақынмен сұхбаттасудың сәті келді деп ойлап. Дастан кетіп қалыпты.

– Ендеше, қонақ үйдегі ол кісі жатқан «люкске» келіңдер, – деді ағамыз. Бардық.

– Аға, мынау жұлделі інілеріңіз. Сізге сәлем берсек дейді, – деп Әбен аға сыпайы таныстырды.

– Е, келіңдер жігіттер, жұлде құтты болсын, – деп Сәкен аға жылы қабылдады. Жоқ, ол кісі сыртынан байқағанымыздай қатал көрінбеді.

Аздап еркінсі бастадық. Құсайын екеуіміз кезектесіп өлең оқыдық.

– Әй, Әбен, – деді аға күлімсіреп, – сен бауырым деп Құсайынға көбірек бұрып кеткен екенсің, бірінші орынға Исламғали лайық екен, – деп мені жұбатқандай арқамнан аялай сипады. Сол алақаннан ішіме бір ыстық от жүгіріп өткендей болып, екі бетім ду ете түскені қазіргідей есімде.

Осыдан кейін ол кісінің алдына қайтадан бармаған екем. Жалқаулығым ба, жасқаншақтығым ба, әлде, орайлы сәтті пайдалана кететін әдетімнің жоқтығы ма? Әй, соңғысы шығар. Әйтпесе, басқалар мұндай мүмкіндікті жібере қоймас еді-ау...

Кейін бүгінгі жарыммен үйленіп, мен Әбен ағаның күйеу баласы болдым. Қайынағамды қайынағасына ертіп барып жүріп те талай дүниені бітіруге болушы еді. Әттең... Енді Әбен ағам да, Сәкен ағам да келмеске кетті.

25
1986 жылғы жастар көтерілісінен кейін санасы дүр сілкініп, еркіндік лебі есіп, есін жиған сәтте-ақ елдің алғаш ойлағаны – ана тілінің қамы еді.

Ана тілім болмаса нетер едім?

Шылауында жүрер ем бөтен елдің.

Суға түскен бір түйір тұз секілді,

Бірте-бірте жойылып кетер едім, – деп жазыппын сол кездері. Республикамыздың түпкір-түпкірінен «Ел болайық!» деген бір ғана мақсатпен бас көтерген саналы азаматтардың, Мұхтар Шаханов секілді ұлт патриоттарының талабының күшімен 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Тіл туралы заңы қабылданды.

Қызыл империяның қылышынан жасқанып қалған санамыз оның құлдар алдындағы соңғы сесінен, уғыннан қорқып, жалтақтай қабылданған осы заңның өзіне бөркімізді аспанға лақтырып қуанғанымыз әлі есімде.

Сол кездегі халықтың талабына сәйкес Тіл туралы заңмен орайлас Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Қоғамның І-Құрылтайында Президенті болып академик Әбуәлі Қайдаров ағамыз сайланды. Іле-шала облыстық, аудандық ұйымдары құрылып жатты.

Панфилов ауданында да 1989 жылдың желтоқсан айында «Қазақ тілі» қоғамының аудандық ұйымы құрылды. Төрағасы болып ұлтжанды азамат Нәби Құмарбекұлы Сарпеков, орынбасары болып Айтқын Сырайылұлы, жауапты хатшысы болып Қыстаубай Аманжолов сайланды. Ауданда қоғамды алғаш құрып, басқарып, ана тілі үшін айнабай тер төккен азаматтардың біразы қазір арамызда жоқ. Атап айтсақ, Тоқбай Исабеков, Дәулет Қасенов, Нәби Сарпеков, Айтқын Сырайылұлы, Райхан Смағұлов, Мәлік Балғабаев, Манап Ахметов т.б.

Өзінің ана тіліне, салт-дәстүріне сусаған ел «Қазақ тілі» қоғамына үлкен үмітпен қарап, айналасына топтасып, қолдан келген көмегін ұсынды. Басқа аудандардағы сияқты біздің ауданда да қоғамның жұмысы дүркіреп басталды. Басқарып отырған жігіттердің ұйымдастыру қабілетінің арқасында, айналасына топтасқан адамдардың ұлтжандылығының нәтижесінде көп жұмыстар қолға алынып, іске аса бастады. Қоғамның «Ұлағат» атты үнжариясы дүниеге келіп, оны балалар жазушысы, ұстаз Дәулет Қасенов ағамыз басқарды. Кейіннен айтулы журналист, елдік жұмыста енесі биік азамат Нұрәлі Нұртілеуұлының қолына көшті. Ел тарихында алтынмен әріптермен жазылатын оқиғаларды «Ұлағат» тасқа басып халыққа ұсынды.

«Қазақ тілі» қоғамының мүшелері ісқағаздарын мемлекеттік тілде жазуға күш салумен қатар, елдің сана-сезіміне еркіндік алып беруге, коммунистік идеяның қазақ менталитетіне жат әсерлерінен арылуына ықпал етіп, ұлттық салт-дәстүрімізді қалпына келтіруге атсалысты. Ұлттық киім үлгілерін қолдануға үгіттеді. Сол кездегі Жаркент ауылдық тұтынушылар қоғамының төрағасы, қазіргі қоғамның басқарма мүшесі, композитор Базархан Жақыбаев ағамыз ақ қалпақтар әкеліп таратып, бәріміздің басымыз ағарып, қазақы қалпымызға түскеніміз есімде.

Наурыз мерекесін тойлау, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды еске түсіру нышанындай болды. Ұмыт болуға айналған Қызыр баба бата беріп, қазақтың ақшаңқан киіз үйлері сап түзеді. Ақсақалдарымыз бен әжелеріміз оюлы шапан, кимешектерін киіп көшеге шыға бастады. Қолөнер шеберлері есте жүрген ескі бұйымдарды дүниеге келтіріп, қолданысқа беріп, көрмелер ашты.

Тәуелсіздік жолында құрбан болған қос боздағымыз Ербол мен Лаззаттың есімдерін ақтау үшін қоғам мүшелері көп еңбек етті. Лаззаттың есімін ақтау үшін, сол кезде Парламент депутаты болып жүрген, кейіннен аудан әкімі болған Ермек Әбілмәжінұлы

қайраткерлік көрсетіп, анасы Алтынаймен бірге біраз мекеменің есігін қақты. Ақыры ақталды. Құдайға шүкір қазір орталық Мәдениет үйінің алдында орналасқан Тәуелсіздік ескерткішінен екеуінің бейнесі мәңгілікке орын алды. Сол ескерткішке менің де өлеңім ойып жазылды.

Қазақтың жанынан артық бағалайтын екі қасиетті қазынасы бар. Оның бірі туған жері, екіншісі ана тілі. Қызыл империяның солақай саясаты кезінде жөн-жосықыз өзгертулерге ұшыраған жер-су, көше аттарын қалпына келтіру де оңай болған жоқ. Қожбанбет би, Елтіңді, Бағай, Бөлек батырлардың атына ауылдардан мектеп, көше беруге қол жеткіздік.

Қазақтың көрнекті жазушысы, бүгінгі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты жерлесіміз Б.Нұржекеұлының айтуы бойынша сол кездегі Республика басшылары қолдап, 1993 жылы ауданымыздың Белжайлау алабында Орбұлақ шайқасының 350 жылдық тойы өткені баршаңызға мәлім. Сол кездегі халық сайлаған аудан әкімі Әділшайық Ыбраймолдаұлының іскерлік көрегендігі – осы тойды бақаруды қоғамның төралқа мүшелері М.Балғабаев пен Б.Көбенбаевқа тапсыруында еді. Ол ғана емес, тойдың ұйымдастыру жұмыстарын қоғамның төрағасы маған және төралқа мүшелері Н.Нұртілеуұлы, Р.Ыстай, Д.Әлімжанов, М.Ахметовтерге жүктеді. Бұл «Қазақ тілі» қоғамы үшін абыройлы да жауапты жұмыс еді. Той ел ойлағаннан артық жоғары дәрежеде өтті.

Осы той ауданымыздың атын республика көлемінде ғана емес, бүкіл алты алашқа мәшһүр еткенін аудан жұртшылығы біледі.

Қаншама қиындықтың бәрін басынан өткерген «Қазақ тілі» қоғамы ана тіліне деген жанашырлық қамқорлығын бір сәт бәсеңдеткен жоқ. Нарық қыспағы кезінде көптеген аудандардағы қоғамдық ұйымдар жабылып жатқанда Панфилов ауданындағы қоғамның мүшелері іс-қағаздарын тексеріп, рейдтерге шығып жатты.

Осындай көп жылғы еңбегіміз еленіп, 2005 жылы Алматы облысы бойынша «Үздік қоғамдық ұйым» деп танылып, облыстық Тіл Басқармасының І-дәрежелі дипломымен марапатталдық.

Елбасымыздың ұлт саясатын шынайы қолдаған «Қазақ тілі» қоғамымен бірге бір сәтгілде құрылған мәдени орталықтар ауданымыздағы ұлттар достығын нығайтуға, ел бірлігін сақтауға көп күш салып келеді деп айтуға болады.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 20 жылдығын Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өзі құттықтады. Бұл қоғамның ана тіліміз үшін ұзақ жылғы күресін Елбасының бағалағаны деп түсінеміз.

Алайда қазіргі салыстырмалы түрдегі аздаған жетістіктерімізге марқайып кетуге әлі ерте. Үштүғырлы тіл саясатына сақтықпен қарауымыз керек. Әрине қазақтың ұрпағы үш тіл емес, одан да көп тілді меңгеріп жатса ол біздің кемшілігіміз емес, артықшылығымыз болар еді. Ғұлама бабамыз әл-Фараби жетпіс тіл білген дейді ғой. Алайда, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге ешқандай кері әсері болмауға тиіс, сол үшін қазақ тілінің жанашырларына айтармыз – енді тілге деген күресімізді үш есе күшейтуіміз керек, үш есе артық тер төгуіміз қажет. Өйткені екі алпауыт тілдің қыспағында қазақ тілі тұншып қалмауы керек.

Біздің кейбір аңғал азаматтарымыз тіл үшін күрес аяқталды деп ойлап, қазаққа енді «Қазақ тілі қоғамының керегі не?» дегенге көшіпті. Аз ғана ілгері басқанымызға алданып, ертенгі ана тілімізге туып келе жатқан қауіпті ұмыту – саяси қорсоқырлық деп түсіну керек. Ана тілдің мәселесін қазақ ұлты басып тұратын бір ғана ауыл, немесе ауданмен салыстырып, көп ұлтты ірі қалалардың, облыстардың жағдайын естен шығаруға болмайды. Қазіргі алдыңғы қатарлы дамыған ірі компаниялар мен фирмаларда мемлекеттік тіл әлі есігінен сығалап тұр. Жуық арада төрге шығатын түрі көрінбейді. Ал сол фирмаларды Қазақстанның азаматтары басқарады. Ақша бар жерде тілді, ұлт қамын ойлап жатқан ешкім жоқ.

«Мемлекеттік тілді қолдау» акциясына қатысушы қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар, елдегі тілдік ахуалды үнемі назарда ұстайтынын, егер қойылған талаптар орындалмаған жағдайда, бүкіл республика көлемінде басқа да саяси мекемелер мен ұштасқан, бірлескен іс-шаралар өткізетіндерін, қашан әділетті шешімге қол жеткізбейінше, бұл рухани күресті тоқтатпайтындарын мәлімдеді.

Міне аудандық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің алда тұрған міндеттері де осындай. Ана тіліміздің тағдыры үшін қандай күрестен де бас тартпайтынымыз ақиқат!

26

Қазақстан Тәуелсіздік алған соңғы жылдары еліміздің Рухани кеңістігінде жаңа көзқияқтар ашылды. Ұлтымыздың мәдениеті мен тарихы тың арнаға бет бұрып, **өрелі өткені мен берері мол болашағына** еркін елдің есті көзімен қарай бастадық.

Қоғамдық ой-сана мен мәдениеттің дамуына мемлекетіміз бен үкімет басшылары да мүдделілік танытып келеді.

Елбасымыз «Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, **қазақы қалпымызды** сақтауға міндеттейді» деді.

Тамаша тұжырым! Осы шарттар үдесінен шығу үшін, болашақта тәуелсіздік туын ұстайтын жастардың идеялық сенімін бүгіннен бастап ұштап отыру ләзім. Бүгінгі өтіп жатқан жастар форумы да, басқа іс-шаралар да осы мақсат-мүддені көздейді.

Бодандықтан соңғы жылдары солғын тартып, әлсірей бастаған Ұлттық Рухымыз тәуелсіздік алғаннан кейін күшейіп, жарқырай түсті.

Әсіресе, жастардың өткенімізді танып, бүгінгімізбен ұштастыруға деген құштарлығы қуантады.

Сонау ежелгі Күлтегін, Тоныкөк дәуірінен келе жатқан Рух күресі тәуелсіздікке ұштасып отыр. Рух, Сана күресі дегеніміз, Елбасымыз айтқандай, қарапайым тілмен түсіндірсек, «қазақы қалпымызды» сақтау үшін күрес деген ұғым деп түсінген ләзім. Ол үшін ұлтымыздың өткен тарихын, әдет-ғұрпын, тілін, мәдениетін жетік білуге тиісіміз. Жоғарыда айтылған Күлтегін дәуірінен бастап Еділ (Аттила), Бейбарыс, Шыңғысхан, кешегі қазақ хандары мен батырлары, әз-Тәуке, Есімхан, Қасымхан, қазақтың Үш Жүзін бір тудың астына жинап, қазақ елін тарихтың жойып жіберуді көздеген жоңғар-қалмақ басқыншыларымен болған ұлт-азаттық соғысында жеңіп шыққан Абылай хан, халық батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, тағы басқа арыстарымыздың болмысын, өмір жолын жақсы білуіміз керек.

Осы Ұлы Тарих көші кешегі батыр Баукеңдермен (Момышұлы) жалғасын тапса, одан бері Желтоқсан көтерілісінде Ербол, Ләззат, Қайраттар жалғастырып, Тәуелсіздік жолында қыршын жандарын қиды. Бұл Ерлік жолының сабақтастығы болса, Сана, ақыл-ой сабақтастығы сонау Тоныкөк дәуірінің арысынан бастау алып, әл-Фараби, ибн-Сина, Ұлықбек, Махамбет, Құрманғазы, Абай, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан, Сәкен болып жалғасып кете береді...

Уақыттың тарлығына байланысты бүгін қадау-қадау есімдер ғана айтылғанымен, Ерлік – Сана күресінің сарбаздары сансыз көп екенін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Тарихты халық жасайды десек те, сол халықтың басқаратын дана, батыр көсемдер екені анық.

«Ұлтты ұстап тұратын – Рух» деп жиырмасыншы ғасырдағы «ұлт көсемі» Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, рухымыздан ажырасақ, жеке адам боп та, ұлт боп та жарытпаймыз.

27

«Егемен Қазақстан» газетінің 152-і санындағы, сол кездегі Парламент Мәжілісінің депутаты, заңгер Рамазан Сарпековтың «Қазақы тәрбие қасиеті» атты мақаласы көкейде жүрген көп түйткілді қозғап кеткенін несің жасырайын. «Сөзінді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма?» десек те, автордың көтеріп отырған мәселесі қолыма қалам алғызбай қоймайды.

Иә, мақалада айтылғандай, бағымызға қарай ауылда, қазақы ортада, қазақы тәрбие алып өскен ұрпақтың өкіліміз. Бүгінгі, ауылда туып-өскеніне ұялатын «ақсүйектерден» бұл артықшылығымызды мақтан етеміз. Өйткені, ең алдымен ана тіліміздің жауһарымен ауызданып, мәйегін қанымызға сіңіріп өстік. Сонымен бірге теңдесі жоқ асыл қазынамыз – Ұлы Дала тарихын ауыл данагөйлерінен өз құлағымызбен, өз ауыздарынан естіп, сезініп, тұшына өстік. Жусан мен ермен ісін иіскеп, төрт түлік малдың төлін мәпелеп, қарапайым өмірдің мәнін сезіндік. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, ата-ана сыйлауды үйрендік.

Қалада өскендер бұл қазақы қасиеттерден мүлде мақұрым деп айта алмасақ та, бүгінгі көріп жүргеніміздей тіл жұтандықтары, еліміздің менталитетіне жат дағдылары ойландырмай қоймайды. Бұл өз алдына үлкен мәселе.

Әкем айтушы еді, «егер халық, мынау елді басқарады, сен соған бағын деп таяқ шаншып қойса, сол «таяқтың» қадір-қасиетін танып-біліп, бағынуға тиіссін» деп. Осы сөздің астарында Бауыржан Момышұлының «тәртіпке бағынған, құл болмайды» деген ұлағатты ойы жатқанын есейе келе түсінгендеймін.

Қоғамдағы тәртіпті заң аясында қадағалайтын құзырлы орындар көп істер тындырғанын, әлі одан да көп жұмыстар жоспарланып жатқанын білеміз. Алайда, мақалада айтылғандай «Үкіметтің ресми бекіткен тәрбиесінен» тыс қаншама қылмыстар, қазақылығымызға жат қаншама әрекеттер жасалып жатқанын естіп те, көріп те жүрміз. Неге олай? Сөз түзелді жамағат, сен де түзел деп Абай айтқандай неге түзелмейміз? Жоғарыда айтылған қанымызға сіңген қазақы тәрбиеміз қайда? Біреудің ала жібін аттамауды, біреуге күш көрсетіп, қиянат жасамауды, зорлық-зомбылық ар ісі емес екенін нақты өмірде неге жиі естен шығарып аламыз? Ежелгі ескі заманда өмір сүрген шығыстың ойшылы Конфуцийдің сол кезде айтқандары неге бүгінгі айтқандай дәл келіп жатыр? «Егер заң арқылы басқарылса, жазалау арқылы реттелсе, халық аяғын тартады, бірақ, ұятты сезінбейді» депті ол. Бұл дегеніңіз «адамды орта тәрбиелейді» деген бүгінгі қағидаға сай келіп тұр емес пе? Ал, сол ортамыз қандай? Жас ұрпаққа орта қандай тәрбие беріп отыр? Сұрақ көп, мақала авторы да, біз де сол сұрақтарға жауап іздейміз.

Мақаладағы саудагерлердің балаларға беріп жатқан «қысық» тәлімі, моншадағы заманауи қарияның былағат сөздері, халық қалаулылары көтерген өзекті мәселелерге кей дәлдіріштердің «депутаттардың бұдан басқа көтерер мәселесі жоқ па?» деп мұрнын шүйіріу – күнделікті естіп, оқып, көріп жүрген шындықтар. Осыларға құлқымыз үйренгені сонша, тіпті мән бермеуге де айналдық. Айтқандарға әлгіндей «бұдан басқа айтарын жоқ па?» деп мардымсы қаламыз. Ұлы Абай айтқандай:

«Байсып, паңсып көрінгенге бәлсіп,

Өзі ғана келгендей, дүниеге жансып.

Маң-маң басып, мен-мендігі асып,

Мал бітті деп, көңілі көтеріліп тасып, – жүргендер қаншама.

Әлгі сөздерді айтатындар да солар. Қолында бар болған соң билікке жүргендерді «қызыл итке теріс мінгізіп» елге жеккөрнішті көрсететіндер де солар.

Тәуелсіздікті, жариялылықты, еркіндікті еншісіне алғандай бас пайдасына пайдаланып, өз жеке мүддесін күйіттеп кеткендер жетіп артылатынын өтірік емес ағайын. Байдан да, кедейден де ынсап кетіп барады. «Кедей бай болсам, бай құдай болсамын» кері.

Осындай уақытта аталмыш қазақы тәрбиені менсінбейтін, ондайға «отстальны» деп қарайтын, ескішілдік, кері кетушілік деп түсінетін орта қалыптасып келеді. Шетелден білім алып, шетелге шығып көрмеген адам, адам ба деген қоғамдық түсінік пайда болды. Соның бәрі қазақы тәрбиенің қасиетінен айырыла бастағанымыз-ау, деп түсінеміз.

«Қазақы тәрбие қасиетін» есімізге қайта түсіріп отырған Рамазан бауырымызға көп рахмет. Қазақы тәрбие әр қазақтың шаңырағында салтанат құрып жатса тәуелсіздігіміздің шынымен баянды болғаны емес пе.

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,
*Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі,
Панфилов ауданының Құрметті азаматы.*

(Басы 1-бетте)

Дәнеш Рақышевтың төл шәкірті ретінде оның шығармалары сахнада әуелейтінін біліп келген жұрттың тамырын деп басып, ұстазының әндерін бірінен соң бірін күміс қоңыраудай үнімен шырқап берді. Аппак мандайы жарқырап, көмейіндегі бұлбұл үнімен Дәнештің бұған дейін үлкен сахналарда орындалмай, шетін қалып қойған бірқатар әндерін тыңдарман жүрегіне жеткізді. «Шаң басқан архивтерде» жатыңқырап қалған ондай шығарманың бірі – «Соға кет» болса, екіншісі – ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Аққулар, кош болыңдар» әні еді. Дәнеш әндері сахнада орындала бастағаннан-ақ елжіреген ел-жұрт «Айта түсі!», «Шырқа, жарығым!» деп әншісін көтермелеп, Дәнешін еске түсіріп, тыңдарман теңіздей толқыды, ән сахнада әуелей шалқыды. Жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының «Баркөрнеу» әнін орындағанда да туған ел мен туған жердің суреті көз алдына тізіліп, қойны-қонышы елге толы өңірдің арғы-бергі тарихы ән болып құйылып түскендей әсерге беледі. Тағы да көрермен жүрек сөзін қошеметпен, разылықпен жеткізіп, алақанын аямай соқты... Абай рухына тағзым етудің тың үлгісін көрсеткен әнші бұл кеште әкесі – Қабимолда Жанпейісовтің Абайдың сөзіне жазылған «Мен боламын демендер» әнін шырқады. Осы ретте кештің аты «Әнді сүйсең, менше сүй» деп аталуының да тарихына тоқталып өткен дұрыс шығар. Шығармашылық кешін өткізем деп шешкен Нұржан Жанпейісов қаламгер Бексұлтан Нұржекеұлымен хабарласып, кешінің атауын ақылдасыпты.



«САҒЫНСАҢ ЕГЕР ДӘНЕШТІ, НҰРЖАННАН БАРЫП ӘН ЕСТІ...»

«Басқасын білмеймін, дәстүрлі әнді қаншалықты жақсы көретінің, дәстүрлі өнерді қалай құрметтейтінің жалпы жұртқа айдай анық. Биыл ұлы Абайдың туғанына 175 жыл. Сондықтан кешінді Абаймен байланыстырғаның дұрыс-ау... Репертуарында Абай шығармалары да болса, бұл да ұлы ақын рухына деген перзенттік құрметінді танытпай ма?» деп ағалық ақыл-кеңесін аямаған жазушының сөзін құп көріп, кеш Абай өлеңінің бір үзгімен аталған екен. Иә, қолына қалам ұстаған жазушы болсын, ақын болсын, Абай шығармашылығын аттап өткен емес. Қылқаламын серік еткен қазақ суретшісінің де Абай шығармаларына не Абай бейнесіне бір айналып соғатыны хақ. Дәстүрлі әннің биігінде жүргендер де Абай өлеңінен құр қалмайды. Нұржан әншінің репертуарында да, әрине, Абай әні бар. Бірақ, Абайдың төл, өз әні емес. Әкесі Қабимолданың Абай өлеңіне жазған әні. Бала күнінен әкесінің тәрбиесімен Абай өлеңдерін құлағына құйып өскен Нұржан сал кішкентайынан Абай шығармашылығымен есейген ұл екенін ұмытпайық. Әкесі ақыл айтса да, қатты айтса да перзентіне Абайды алға тартқан екен. Әкесінің жанынан шығарған екі әні перзентінің жүрегінде ораулы келген. Сол екі әуенге салып отырып Абай әндерін орындаған әкесінің әуенін кішкене күнінен құлағына сіңірген. Міне, сол дүние «Әнді сүйсең, менше сүй» атты кеште көрерменге жол тартты. Нұржан Қабимолдаұлының өзі «Шүкір, Абайдың оншақты әні халық арасында кеңінен таралып, айтылып жүр ғой. Ал әкемің әнін, Абайдың сөзін оқудың реті де, орайы да келіп тұрған соң, репертуарға осы әнді қостым. Бұл кешке жаңаша бір реңк берер деп ойлаймын. Әкемің әнін мен орындамағанда, кім орындайды... Сондықтан, Абайдың өлеңіне жазылған «Мен боламын демендер» деген әнді сіздерге тарту етпекпін» дейді...

Әнмен сусындап отырған жұрт сахнада Нұрғиса Тілендиевтің сирек орындалып жүрген әндері шырқалғанда тіпті теңселіп кетті. Ән қанатында қалықтаған көрермен Нұржан әншінің әр қимылын кірпік қақпай қадағалап, әнмен бірге тербеле жөнелген еді.

«Қалқаның әні», Кенен Әзірбаевтың әні, Әсеттің термесі, Дәнеш жеткізген әндер, тағы да біраз шығарманы әулеткен Нұржан Жанпейісовті Дінзүхра Тілендиеваның дирижерлігімен «Отырар сазы» ансамблі сүйемеледі. Ән қанатындағы көрерменге Нұржан әншінің даярлаған сыйы – қазақы мәннермен, әуенмен құйылып түскен Ұлбике мен Күдерінің айтысын ұсынуы еді. Тарихта Ұлбике мен Күдерінің айтысқаны көпке белгілі. Сол айтысты кезінде Мырзатай Жолдасбеков спектакль қылып түсіріп, оның музыкасын Алтынбек Қоразбаев жазған екен. Халықаралық байқаулардың лауреаты Бибігүл Қылымхан мен Нұржан Жанпейісов екеуі сахнада Ұлбике мен Күдері болып айтыса кеткенде көрерменнің делебесі қозып, байырғы заманның төріне барып отыра қалғандай күй кешті. Қазақтың төл өнері – айтысты дәл осындай бояумен сахнаға алып шыққан қос әншіге алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Дәстүрлі әнге серт берген Нұржан әншінің ән әлемі ерекше терең, мың бояулы. Осы тереңдік пен тазалық, мыңсан түске түрленген дауыс бояуы халықтың ерекше құрметіне ие. Әсіресе сахнада «Аңшының әні» әуеленгенде көз алдында дала театры қойылым қойып кеткендей тыңдарманның делебесі қоза түсті. Байырғы жұрттың түп-тұнық өмір салты, аңшының сөзі, сері жігіт пен қазақы тұрмыстың ғажап суреті

ән болып көз алдында көлбеңдей өтеді. Қазақтың әні қазақтың бұзылмаған дәстүрі, қазақтың жаны десек, әншінің асқан шеберлікпен орындаған дүниесінен байырғы мен бүгінгінің арасындағы дәстүрдің жібі үзілмейтінін ұғасың. Қазақтың әні әуеленгенде қазақтың жаны тербелетінін түсінесің. Кешеден бүгінге жалғасқан қазақы әуен – әр уақыттың сан қырлы сипатын жинап, жүрек тұсынды шымырлатады. Нұржан әншінің әндері тыңдаушысын осындай сиқырмен баурап алады. Нұржан әншінің әуезіне құлақ қойсаңыз бір ғана әнші емес, тұтас халық театрының үнін еститін себебін де осы – дала үнін, дала арманы мен ұлттық ерекшелікті сипаттайтын байырғының сазын дәл жеткізе білуінде жатыр... Кеш барысында айтулы әнші, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының ректоры Ақан Әбдуәлі сахнаға көтеріліп, қазақтың кара домбырасын қолына алып, ән шырқады. «Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы кең көлемде тойланып жатыр. Келер жылы Жамбыл атамның 175 жылдық мерейтойы аталып өтеді. Ұлтымыздың осы екі алыбында қазақтың сөзі, қазақтың болмысы, қазақтың бары мен жоғы сақталған» дей келе, Ақан Жылқышыбайұлы өнердегі досы Нұржан Жанпейісовтің кешіне ақ тілегін арнап, Жамбылдың жырын самғатты, Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда» әнін шырқады. Айта кету керек, Отырар сазы оркестрі өздерінің жоспарына енгізген бұл концерттің басты қолдаушысы халық болса, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы да осы кешке қолдау білдіріп, халықтың әсем әуені қалқыған ән мерекесін тамашалауына мұрындық болыпты.

Кеш барысында талантты күйші Мұрат Әбуғазы да өнер көрсетті. Шерпте күйдің шебері, өнер зерттеушісі, Дәнеш Рақышевтың мұрасын жинастыруда үлесін қосып жүрген Мұрат Әбуғазының домбырасынан төгілген күй де халықты өнердің тылсымына баурап әкеткен еді.

Нұржан әнші осы кезге дейін де Париждің мәртебелі сахнасында, алыс-жақын шетелдерде, атап айтқанда Моңғолия, Қытайдағы ағайынға әнін шырқап, патша көңілді көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп жүргені белгілі ғой. Қазақтың дәстүрлі өнерін насихаттау жолында сүбелі үлес қосып жүрген Нұржан Жанпейісовтің сахнада жүргеніне ширек ғасыр, тіпті одан да көбірек уақыт шығар. «Өнер адамы, шығармашылықтың адамы үнемі ізденісте жүргені жөн. Арасын ұзартпай, әлсін-әлсін есеп беріп тұруы керек. Үнемі репертуарын жаңартып отырғаны да маңызды. Ең алғашқы жеке шығармашылық кешім Моңғолияның Баян Өлгей қаласында өткен екен. 2009 жылы Қазақконцертте жұмыс істеп жүргенімде, жеке шығармашылық кеш өткіздім. Үшінші концертімді 2017 жылы тағы да Алматыда «Алатау» дәстүрлі өнер театрында бердім... Арасында елге де барып, есеп бердім. Үзегілес досым, бірге жүрген әріптесім Еркін Шүкіман екеміз бірігіп «Қос күрең» атты кеш өткіздік. Ықылас мұражайында, «Ғалымдар үйінің» залында концерттер бердік. 2016 жылы Дәнеш Рақышевтың 90 жылдығы кең көлемде аталып өтіп, Ықылас мұражайында «Әсет пен Дәнеш» деген атпен лекция концерт бердім... Ал мына «Әнді сүйсең, менше сүй» атты концертті Отырар сазы оркестрі өздерінің жоспарына енгізіп, алғашқы ұсынысты өздері айтқан еді» дейді Нұржан әнші осы кеші туралы сұхбатта.

Осы сұхбатты оқып отырып Ықылас Дүкенұлы атындағы Ұлт аспаптар мұражайында өткен концерт есімізге түсті.

Кеш соңынан өнер адамдары жиналып, концертке баға бергенде өнертану ғылымының докторы, профессор Әсия Мұхамбетованың: «Қазақтың дәстүрлі әні мен күйін фольклор деп қана қарамаңыздар. Бұл – қазақтың ұлттық классикалық өнері. Менің арманым – осы өнерді көрсетушілер, яғни әнші-күйшілер өздері кітап жазса, қандай тамаша болар еді» деп пікір білдіргені де есте. Осы күні Нұржан Қабимолдаұлының сол үддеден шыға алып жүргенін де айта кету парыз. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында кафедра меңгерушісі ретінде дәстүрлі өнерге адалдығын танытып, шәкірт тәрбиелеп жүр және Жүсіпбек Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжінде Дәнеш Рақышевтың арнайы әншілік класын ашқан Нұржан Жанпейісовтің осы қыры да көпшілік назарынан тыс қалмаса екен дейсің. Нұрғиса Тілендиевтің «Мінездің өзгеруі дауысқа әсер етеді» деп айтқаны бар екен. Бала күнімізден дауысын құлағымызға құйып өскен бір әнші болса, ол Нұржан Жанпейісов дер едік. Ән қадірін біліп, дәстүрлі әншінің өнер жолына тілекші көңілмен жанкүйер болып келе жатқан бергі уақытта да оның әнге құрметі мен мінезінің өзгермегенін анық білеміз. Оның дәстүрлі әнге адалдығы мен тазалығының бір сыры осында жатса керек.

Хош, тыңдарманды ерекше күйге бөлеген концертті әншінің өзі бір жарым сағатқа жоспарлағанымен, кештің тез-ақ аяқталғанына көпшіліктің таң-тамаша қалғанын несіне жасырайық. Әншінің кешті бұлай жоспарлауының себебі де бар. Дәстүрлі музыкалық концерттер бір жарым сағатқа жетпеуі, жетсе, аспауы керек екен. Ұлттық классикалық музыканың, таза академиялық концертті тыңдаудың өзіндік шегі бар, деңгейі болады. Сол тәртіппен, академиялық талаппен жоспарланған кештің жалғасы алдағы уақытта үлкен сарайларда жалғасын тапса деген тілектес көңілмен жұрт үйді-үйіне тарағанына куәміз. Тұтас Алматыға ән салдырған сол бір кештен жүрегіміз ән мен жырға сусындап қайтты...

Көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлымен кеш біткен соң тілдесіп, «Дәнешті сағынған жан Нұржан әншіге құлақ қойса, шіркін» дегенімізде сөзімізді сәл-пәл түзетіп: «Нұржан қазір Дәнештің әнін ғана емес, оған қоса қазақ халық әндерінің ұмытылып бара жатқан нұсқаларын да, сонымен қатар Жетісу ән мектебінің көрнекті өкілдерінің де, кейінгі уақыттағы композиторлар мен ақындардың да шығармашылығын ерінбей-талмай насихаттап, домбырасымен шырқап, оркестрмен орындап жүрген жоқ па? Иә, ол Дәнештің кенже қозысы, өзі айтқан әндерін түгел үйретіп, аманаттап кеткен ең соңғы шәкірті. Сонымен қатар қазір Жетісу ән мектебінің үлкен зерттеушісіне айналған, ән мен ұстаздықты қатар алып жүрген жан. Кітаптарын тасқа бастырып, әндерді таспаға түсірген еңбегін де қоса атауды ұмытпайық» дегені бар. Шынымен де Нұржан Қабимолдаұлының Алматыдағы кешінде қазақ тыңдарманы сағынып қалған бірқатар ән әуеледі. Өнерге сусаған жұрт әнмен бірге жан сарайын тазартты, залдың тұс-тұсынан әншісін көтермелеп, қолдау білдірді, «пай-пайлаған» дауыстан ән мен әншінің мерейі асып, тәу биікке көтеріліп бара жатты...

Қарагөз СІМӘДІЛ

Суретті түсірген:

Сәрсенбек ҚЫЗАЙБЕКҰЛЫ



Жанар Тұранқазықызы 1985 жылы Алматы облысы, Панфилов ауданы, Қоңырөлең ауылында дүниеге келген. 2003-2008 жылдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Халықаралық журналистика мамандығында оқыған. 2008-2010 жылдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Магистратура және Доктарантура Phd институты, Гуманитарлы ғылымдарының магистрі. 2010-2012 жылдары ҚР Ішкі Істер Министрлігіне қарасты Құқық Академиясының Заңгер мамандығын бітірген. Қазір таңда ҚР Ішкі Істер министрлігінің БАҚ-ның криминалды істер жөніндегі ақпарат инспекторы болып қызмет атқарады.

ҚАЗАҚПЫН

- Сен кімсің?
- Мен бе, мен Азатпын!
- Қазақсың ба?
- Қазақпын!
Азаттық үшін күресіп,
Төрінен қайтқан тозақтың.
- М-м-м, тарихың бар ғой осыған татыр шамасы?
- Айналана қарашы
Мынадай елдің қалайша
Тарихсыз болар баласы?
Сұрағың дұрыс, мен оған есте қосылам.
Тарих дегенің келген жолым ғой осыған.
Бір кездері мен «Ақтабан» болып босығам,
Ал бір кездері «Репрессия» болып жосығам.
Оңайлықпен келген жоқ бізге еркіндік
Еліме қарап, «тәубе» деп кейде тосылам!
- Еліңде өнер бар ма, бабаларың мұра еткен?
- Томирис анам ерлікті бізге ту еткен.
Қорқыттай бабам жүрегімізге күй еккен.
Фараби данам санама менің нұр сеуіп,
Абылай атам батырлық жолын үйреткен.
Өнерім менің бірлік қой сансыз ұраным,
Кішіге қамқор үлкенді сыйлап тұрамын.
Пейілім менің дастархан болып жайылған
Тыныштық берсін Алламнан енді сұрарым.
Керемет еді тарихым менен бүгінім
Кешегіме бүгіннен қарап сүйіндім.
Ел болса егер, сендей-ақ болсын Қазағым!
Мың тағзым саған, басымды мәңгі иемін.

ӨР РУХТЫ ЕЛІМЕ

Тектіліктен жүрекке нұр сіңірген,
Қайран елім мың өліп, мың тірілген.
Намыс кернеп, жалыннан жанып ішін,
Жанардан шок, төгілген жыр тіліңнен.

Ар-намысын беделін алға салып,
Бойда жігер қолына алмас алып.
Ел қорғаған бабам бар, қара жерге,
Тұяғынан тұлпардың таңба салып.

Сазыменен өзіндік бабыменен,
Ақын туған сәйгүлік, нағыз ерен.
Шежіредей ғасырлар қойнауынан,
Тасқа қашап, қалдырған жазып өлең.

Қайратымен күшімен арманымен,
Тыңнан терең танылған талғамымен,
Байрағынан бостандық жел естірген,
Беделді елім би-шешен хандарымен.

Қандай уын төкседе заһар заман,
Көкірегін ұлттың баса алмаған.
Қара бұлтты қак жарған жасындардай,
Қайран намыс кез бар ма қашалмаған.

Жанар ТУРАНҚАЗЫ:

Асқақтықты таудан ұққым келеді...

Мирас болған тектілік бойға дарып,
Артықтығың әлемге айдан анық.
Таниды! Таниды ұлы Абай, Мұхтарменен,
Мен қазақтың десем де қайда барып.

Сағасындай ұлы өзен арнасының,
Елдігіңнің үні боп, жалғасты үнім.
Мен қазақтың қызымын үмітімін,
Мен қазақтың болашақ жалғасымын.

ЖАЛҒАНДА

Жақұтын алып жалғанның,
Иманын беріп бірақ та.
Сырғақтап тұрмас тіршілік,
Тастаған күрмеп сынапқа.
Тұрала тұқыр тұрақта,
Қотырын сапсып сымпыып.
Бір кетіп жөнге, бір тиіп,
Негізгі шынды құлатпа.
Таласып жансыз әр нұрсыз,
Тапал бассаң тағдыр мұз.
Қайырмасың бұл жаққа,
Өр жаным енді алданып.
Ғажапты қарап қолға алып,
Нұрсыздан сәуле құр артпа.
Тепсінтіп иіп тебінтіп,
Күйдіріп жанары егілтіп.
Ертекіл елді сұратпа,
Орнында қал құр қиял.
Барыңа ғана тұрақта,
Қашпағын қашпа жыраққа.

ӨМІР – ӨЛЕҢ

Өмірім – өлең, нұр күтіп алдан,
Жаныңның жайлау жыр құты барда.
Елігің болып жайылайын бір,
Жан аға мені үркітіп алма.

Түлкіде ойы бүркіті бардың,
Бойыңды билеп, еркі құмардың.
Мерген боп мылтық оқтадың дағы,
Мәңгілік мені үркітіп алдың.

Жүректі жайсыз табалап ұшқын,
Ақ орманындай шағала құстың.
Айдынында жүзем бе деп ем,
Тек канатымды жаралап ұштым.

Ойыңды дүлей қозғаған екен,
Сезімнен ақыл озбаған екен.
Бәйтерек деуші ем, саяда гүл боп,
Өсуді маған жазбаған екен.

Ізгілігіңмен арманым бола,
Ойымда мәңгі қалмадың ба аға.
Бар кінәм менің өзіне емес,
Жырыңа ғашық болғаным ғана.

АЛА БҮРТҚАН ЖҮРЕГІМДІ КІМ ТҮСІНЕР?

Өмір ай, арманым көп, күдер үзбей,
Жүрсе екен,
Ақбозатым шідер үзбей.
Санам да,
Ойым да
Қатал болып борап жатыр,
Бұркылдап, менің шатақ мінезімдей.

Буырқанып бораймын да,
Сабыр деп басыламын.
Көз жасымды жанарға жасырамын.
Ренжітсем біреуді, ертеңіне,
Кешірім сұрайын деп асығамын.
Асығайын кешірімді болуға тасып асып,
Құдай да кешірімді мен түгілі
Ол жол да біз жаратылған пенде пасық.

Бәлкім, мен емеспін, баулыған дала заны.
Жақсылар, жақсы жанға қарасады.
Ақылы асқан жандарды аға деймін,
Жөн сұрап жүрсем егер жарасады.

Жүрегім қашан енді жай табасың?
Білемін ұтпасымды тайталасып.
Ақ пейіл ниетіммен келіп жатсам,
Ей, тәкәппар дүние,
Сен де күт,

Құшағыңды айқара ашып.
Жақын білгің кеп жүрсе егер мені,
Өмірімді айтып тұр өлеңдерім.
Ала болсаң кетеді ауыздағың,
Түгел болсаң, бақ қонар төбеңдегі.

ӘДІЛЕТСІЗДІК

Армысыздар,
Бұл жалғанның адамы.
Қайырылмайтын,
Қайырымсыз қоғамы!
Дұшпандаймыз бірімізге-біріміз,
Әділет жоқ, зар қақсатқан сананы.
Жалығасың құр айтылған ақылдан,
Табылады дұшпаныңда қасыңнан.
Туған жерің, қазар көрің, сәбиің,
Бұның бәрі өз еліңде сатылған.
Болды ғой!
Бұл өмірде –
Ақша патша.
Жанымызда патшамыз,
Қияр жанның жан әлемі лас қалды.
Періште емес, шайтан төрге жастанды,
Қанша жанның жанарында жас қалды.
Өтінішпен өтінемін, сатпайықшы жастарды,
Нұрын төгіп, күллі әлемге жалғанған.
Саудагердей саудаламай жер көкті.
Антың менен арың үшін арланған,
Ел-жұртымды сақтайтұғын жалғаннан.
Пенде болмай, аспайықшы Алладан.

АСҚАҚТЫҚ

Биік шыңға шыққым келеді,
Көрсем деп ғаламды мына.
Асқақтықты таудан ұққым келеді,
Тазалап тапталған санамды мына.

Қарғып желге мінгім келеді,
Жаһанкездей кезетін көп.
Желден біраз нәрсені білгім келеді,
Мұң-сырын еркіндіктің сезейін деп.

Өзен, көл боп аққым келеді,
Көкіректен ғаламға шырқап бір ән.
Тебіреніп теңіз боп жатқым келеді,
Жүрегіммен тәрбиелеп санамды сан.

Қып-қызыл от боп жанғым келеді,
Жамандықты бойымда отын қылып.
Дұшпандарға от болып барғым келеді,
Күйдіріп күншілдерге жақын жүріп.

АЗАПТАУ

Қинама Жаратушым текке мені,
Азаптау қашан мына шектеледі.
Әлсіздерге әлдінің күші жетіп,
Сананды сансыратып қак бөледі.

Кетеді екен жігермен сенім, ерік,
Жын ұрдыма қақтыма пері келіп.
Ей адамдар, түзейік пейілді біз,
Алатындай үлгіні тебіреніп.

Көзден жас, көңілден шер кетпеген,
Кедейшілік кімдерді сенделтпеген.
Байлық пенен пұл күшті осы күнде,
Тілді ауызды адамды сөйлетпеген.

ЖҮРЕК СӨЗІ

Он сегіз мың ғаламды жаратты Құдай,
Сыйлайық Алланы да ағат қылмай.
Сақта жастар тарихты ұғымыңда,
Алланың жаусын бізге нұры мына.
Ел-жұртым кетпейікші тайып төмен,
Көп болсын қазағымда лайықты өрен.
Қадірлеймін халқымның дара асылын,
Өйткені мен қазақтың баласымын.
Тұрсыншы тарихымыз ой-санада,
Қазағым қалған тірі мыңнан дара.
Қояйық халқым менің жат қылықты,
Жастарың серік етсін жақсы үмітті.
Үйіп берсін Жаратқан жақсылықты,
Көрмейік еш уақытта тапшылықты.
Кетпесін ақылымыз ар санадан,
Ұмытпасын бұл сөзді барша ғалам.
Береке болсын дәйім тірлігімен,
Орманымыз гүлденсін қыр гүлімен.

Топ болып алаңда доп ойнап жүрген балаларға терезеден телміре қарап отырған Алтынбек тұңғық ойдың құшағына батып барады. Жанары доп соңында жанталасқан балаларда болғанымен, бірақ ойы басқа жақта қалықтап жүр еді. Ол өзін бейне бір басқа әлемнің адамы ретінде сезінеді. Кез келген ұл бала қызығатын допка да қызықпайды, өзінің бір ерекше дүниетанымдық көзқарасы бар. Үнемі өз орнының бар екенін, бірақ ол айрықша жерде екенін дос-жарандарына айтып отыратын еді. Осылай үн-түнсіз ойға шомып отырған Алтынбекке анасы:

– Түс астына, қашанғы отырмақшысың?! Тамағыңды ішсең болмай ма?, – деп біраз айғайлап тастады. Алтынбекке ұрысып жатсын ба, жекіріп жатсын ба – бәрібір еді, тек бар ойы өзін өзге ғаламдық сезінуі. Бұл бір өтпелі шақ болғандықтан ба, өзіне осындай ой мен мінез қалыптастырып алды. Кейінгі кезде достарымен араласуды да қойды, ешкіммен араласпайды – өмірін тірі өлікке ұқсап сүріп жүр. Жайлап төменге түсіп, дастархан басына отырды. Әкесі, анасы үшеуі ғана тыныштықта ас ішіп отыр. Әкесінің қасқабағына қарап отырған анасы:

– Балам, құлыным, мектебінде бәрі жақсы ма, сабағың қалай? Сен өзі бізге ашылып әңгіме айтпайтын да болдың ғой, – деді.

– Сабағым жақсы. Не туралы айтайын? Менің әлі сабақ оқуым керек, – деп шайын сіміре салып дастархан басынан тұрып кетті. Бөлмесіне барып кішкене ғана күнделігіне бүгінгі күні басынан өткен оқиғаларын жазайын деп бекінді. Бірақ қызықтырып жазатын ойына ештеңе түспей отыр. Бір кезде ұялы телефон шырылдады, қараса ең жақын досы Абзал хабарласып жатыр екен. Телефонның алып:

– Алло!, – деді.

– Алло, Алтынбек! Не істеп жатырсың! Маған көмегің керек болып тұр. Біздің үйге қонақ шақыратын еді, соған үлкен ағамның үйінен үстелдерді тасу керек болып тұр. Бос болсаң бір жәрдемді берші, әйтпесе өзім жалғыз үлгермейтін түрім бар.

– Ренжімеші, көмектесер едім, бірақ әкем маған да бірталай жұмыс берді, соны бітіруім керек, – деп өтірік айтқанынан өзі де қызарақтап кетті.

– Жарайды, онда өзім бір мәнісін табармын, – деп Абзал ренжіңкірей қостасты.

Телефонын қоя сала, қайтадан күнделігін қолына алып ойлана бастады. Ойының бәрін бала махаббаты бөліп кете береді. Қиялында өзінің жұбайы қылып алған Айаруды қайтадан ойлай бастады. Ол қыз өзінің сыныптасы, өзінің санасында одан асқан керемет қыз жоқ. Тек бұл жайында ешкімге білдіргісі келмейді, сондықтан кейде Айаруға өте дөрекі сөйлеп ренжітіп тастайды. Мүмкін жылы сөйлесем сезімді біліп қояды деп ойлайтындықтан ба, біліп қойса сыныптастары мазақтайды деп ойлағандықтан ба үнемі дөрекі сөйлеп жылатып тастайтын да күндері бар. Дәл бүгін ғана сондай жағдаят болған еді. Мектепке келе жатқанда үлкен ыдыста гүл көтеріп келе жатқан Айаруды көрді. Жанынан өте бергенде Айару:

– Алтынбек, сыныпқа дейін алып барып берші, қолым ауырып кетті, – деді Алтынбекке қарап. Алтынбек біраз тұрып, артында келе жатқан сыныптасы Ақжолды көріп:

– Өзің апармайсың ба, маған керек па, – деді де тез-тез жүріп кетіп қалды.

Осы жағдаяттарды ойлап отырды да, күнделігіне жазуды бастады: «Қымбатты күнделік, өзімді бейне бір басқа әлемнің адамы секілді сезінемін. Өмірімде қызығарлық еш нәрсе жоқ, өмірімнің мәні қалмады. Мен кинодағыдай өзге хикаяға толы әлемде өмір сүргім келеді. Барлықтары әйтеуір мән-мағынасыз өмірлерін сүріп жүр, тек қана қу тіршілік қылып соңында. Бүгін ғана «Өмірдің мәні» деген тақырыпта эссе жаздық. Менің жазарым мүлде болмады, әйтеуір өтіріктен интернеттен көшіріп бере салдым, ал іс жүзінде жазған болсам өзімнің мәні де, сөні де жоқ деп жазар едім. Бүгін басымда болған жағдаяттар: Айару менен көмек сұрады, мен ұнататынымды білдіртпеу үшін дұрыс жасадым және бүгін балалар алаңда доп ойнауға шақырды. Мен ойнамадым, бір доптың артынан серендеп жүгіріп жүргеннің несі жақсы? Содан кейін бәрі менімен араласқысы келмейді. Өзіңшесің, өзіңді бізден артық өзге адаммын деп ойлап жүре бер деп жақтыртпайды. Әйтеуір бәрінің өзінше тірлігі бар, ата-анам жұмыстан қолдары босамайды, тек үстел басында мені еске алып, әңгіме айтқысы келеді. Абзалдың да қолы бір босамайды, менімен бір ашылып сөйлеспейді, сол үшін онымен арамсыз суып кетті. Оған бүгін көмектескім келмей өтірік айттым», – деп жазып бола сала ертенгі сабаққа кешікпеу үшін ерте ұйықтап қалды.

Сағат таңғы 7:50. Алтынбек ұйқыдан тұра бірден сағатқа қарады, сегізде басталатын сабаққа тағы да кешігетін түрі бар. Кеше соншама ерте жатқанынан түк пайда болмады. Апыл-гүпыл киіне салып, бет-аузын тез-тез жуып, жүгіріп үйінен шығып кетті. Шашын да тарап үлгермеді, сөмкесінде екі-ақ кітап, қолына түскенін салып шыға салды. Мектептің қасына жақындағанда тағы да гүл көтеріп келе жатқан Айаруды көрді:

– Алтынбек сыныпқа дейін алып барып берші, қолым ауырып кетті, – деп Алтынбекке қарады.

– Немене үйіндегі бар гүлді көшірейін деп пе едің?, – дей беріп артында келе жатқан Ақжолды көрді де мектепке қарай жүгіре жөнелді. Сыныбына келіп сөмкесін ашып кітаптарын алайын десе, тура кешегідей алгебра мен тарихты алып келіпті. Сабақтан ол

ӨМІРДІҢ МӘНІ



біртүрлі болып қайтты, кешегі күні қайталанып жатқандай. Ол бұл оқиғаларды түсімде көргенмін деп балады.

Сабақтан келе сала терезе алдына отырды. Балалар алаңда доп ойнап жүр екен. Бұл оған аса мән бермеді. Өйткені балалар күнделікті доп ойнауға шығатын еді. Сәлден кейін балалар ойнап жүрген доп Алтынбектің ауласына түсті. Ол қазір Дәулет допты алуға келеді және мені ойынға шақырады деп ойлап отырды. Өйткені өзі түс деп балаған ойында дәл солай болған еді...

Алтынбек осылай телміріп ұзақ отырды. Бір кезде анасының дауысын естіді. Дәл түсіндегідей тамаққа ұрса шақырды. Астына түсіп, үстел басына отырды. Сол баяғы таныс кеңестік.

Алтынбек бөлмесіне барып, бір күндік өмірімді алдын ала түс қылып көріп тастағанмынба деп тандану үстінде. Терең ойға кіріп кеткен Алтынбектің телефон шырылы селк еткізді. Соңғы күлігі – егер қоңырау шалған Абзал болса қорқайын деп тұр. Телефонның алып, көзін жайлап ашып қарады. «Абзал» деп тұр. Жүрегі тарсылдап кетті.

– Алло!

– Алло, Алтынбек! Не істеп жатырсың! Маған көмегің керек болып тұр. Біздің үйге қонақ шақыратын еді, соған үлкен ағамның үйінен үстелдерді тасу керек болып тұр. Бос болсаң бір жәрдемді берші, әйтпесе өзім жалғыз үлгермейтін түрім бар.

– Абзал тыңдашы, сенің осы кешегі күнің қайтадан қайталанбады ма?

– Алтынбек не айтып жатырсың? Түк түсінбедім. Саған не болған?

– Ештеңе болған жоқ, ренжімеші менің қолым бос емес еді, – деді де тұтқаны қоя сала күнделігін іздей бастады. Күнделігін алып, ішін ашып қарады. Кешегі күнге ештеме жазылмапты. Бірақ жазғандарының бәрі есінде. Күнделігіне жаза бастады: «Қымбатты күнделік, менің кешегі күнім қайталанған тәрізді, немесе бүгінгі күнді түсімде толық көрдім бе, ойым сан-саққа шашылып кетті. Бірақ бұлай болуы мүмкін емес, ол тек киноларда ғой, ғажайыптың бәрі. Жалпы бүгінгі күнім әдеттегідей, қызық емес. Бүгін ғана өмірдің мәні деген тақырыпта эссе жаздық. Барлығы өмірдің мәні: отбасын, жақындарын, сенің аман-саулығың деп пікірлесіп отырып жазды. Мен болсам өзімнің өмірімнің мәні жоқ екенін айқын білгендіктен интернеттен көшіріп бере салдым».

Осылай жазып отырғанда маузырап ұйқысы да келіп кетті. Телефонның оятқышты қойып ерте жатып қалды.

Таңғы сағат 7:50. Алтынбек бірден сағатқа қарады. Атып тұрып киіне бастады, телефонының қуаты таусылып қалыпты. Қолына түскен кітапты сөмкесіне сала бастады. Бір кезде ол ауызы ашық сөмкесіндегі кітаптарға қарап қалт тұрып қалды. Ақырын келіп, кітаптарды суырып алды. Сөмкесіне салған екі кітабы тағы да тарих пен алгебра екен. Ол сасқалақтап қалды. Сосын кітаптарды үстеліне қайтадан қойып, басқа екі кітап алып, үйінен шапшаң шығып кетті.

Жол бойы ойлағаны: «мүмкін шынымен өмірім бір күнде қалып қойған шығар». Өзінің бір көрген киносы есіне түсіп кетті. Киноның мазмұнын ойлап келе жатты. Кинода бас кейіпкер сол күнді өткізу үшін өзінің жасаған қателігін түзеуі керек. Ол мектепке жақындағанда гүл көтеріп келе жатқан Айаруды көріп, нақты солай ойлады. «Мен бір күнде қамалып қалдым. Ғажайыптың түйіні Айаруда ма әлде? Мен енді өз қателігімді түзей аламын ба? Мүмкін гүлді сыныпқа апарып беруім керек шығар? Бірақ қазір арт жақта Ақжол келе жатса ше? Мейлі, келе берсін, көре берсін, мен

сонда да Айаруға көмектесіп көрейін», – деп Айарудың жанына жақындады.

– Сәлем, Айару! Әжел, гүлді маған бер, сыныпқа дейін апарып берейін. Сенің қолың талып кеткен шығар.

– Сәлем, Алтынбек! Иә, жақсы болар еді. Көп рахмет!, – деді Айару қолындағы гүлді Алтынбекке ұстатып жатып. Екеуі сыныпқа дейін әңгімелесіп барды.

...Алтынбектің бүгінгі күні де тақап қалды, күнделігін ашса, кешегі жазғаны тағы жоқ. Қолына қаламын алып жазуды бастады: «Қымбатты күнделік, өмірімде өзгеріс пайда болды. Күдігім рас болып шықты, осымен бір күнді үшінші рет өткіздім. Бірақ маған бұндай ғажайып керек емес, өміріме бір мән келгенін байқамадым. Егер ертең қайтадан осы күнді бастан кешірсем ерте ұйықтаудың керегі жоқ, бәрібір ұйықтап қаламын ғой», – деп жазуын аяқтап, мысқылдап күліп отыр...

Сол күні Алтынбек тағы да үйінен кешігіп шықты. Неге екенін өзі ғана түсініп келе жатыр. Демек бұл күннің қателігін әлі таппағаны ғой. Мектепте отырып көп ойланды. Кенет оның ойына жақын досы Абзалдың көмек сұрағаны, өзінің оған көмектеспегені түсіп кетті де:

– Таптым, таптым!, – деп қатты айғайлап, орнынан тұрып кетті. Сыныпта отырғаны мүлде есінен шығып кеткен:

– Алтынның қорын таптың ба, Алтынбек?! Отыр орнына! Сонша қуандың ғой, – деп апайы мырс етті.

Бүгінгі күні де зымырап өтіп бара жатыр. Алтынбек өз бөлмесінде Абзалдың хабарын күтіп жүр. Телефоны шырылдай сала бірден алды:

– Алло! Қалайсың, бауырым?

– Алло! Жақсы, өзің? Алтынбек не істеп жатырсың! Маған көмегің керек болып тұр. Біздің үйге қонақ шақыратын еді, соған үлкен ағамның үйінен үстелдерді тасу керек болып тұр. Бос болсаң бір жәрдемді берші, әйтпесе өзім жалғыз үлгермейтін түрім бар.

– Әрине, дәл қазір барайын ба?

– Иә, келе бер үйге, күтемін.

– Жарайды, көрсекенше, – деп тұтқаны қойып Абзалдың үйіне жиналды.

Екеуі үстелдерді тасып жүріп көп әңгіме айтты, ет ауырпайтын әзілдермен де қалжыңдасты. Аралары қайтадан жақындай бастады. Өзінің армандарымен де бөлісіп жүр. Алтынбектің жүрегі жылынып, тұла бойы бір тамаша күйде жүрді. Үстелдерді тасып болған соң Абзалдың анасы бұларға разы болып, тойға жасаған тәттілермен екеуіне шай берді. Кетерінде Алтынбекке көп базарлық салып берді.

Алтынбек үйіне маз-мейрам болып келді. Қолындағы базарлығын анасына беріп, әңгімесін айтып отыр.

– Балам, көңіл-күйің жақсы екен, көрдің ба осылай далаға шығып достарыңмен аралассаң өзін де көңілді жүресің.

Алтынбектің бүгінгі күні де тақап қалды. Әдеттегідей күнделігін алып жаза бастады: «Қымбатты күнделік, бұл жазғандарым ертең бәлкім жоқ болар, бәлкім осы күннің қателігін түзеген болармын. Оны ертең көре жатармыз», – деп біраз телефонын шұқылап барып бірақ ұйықтады.

Міне, төртінші күн бір күнді қайталап сүріп жүрген Алтынбектің басы әбден қатты. Осы жолы алаңдағы балалармен доп ойнауға шықты. Алаңда әртүрлі ойындар ойнап, достарымен арасындағы кикілжіңі де кетті. Алаңда Айаруды да көрді. Енді Айарумен еркін сөйлесе алатынына іштей қуанып жүр. Достарымен футболды бәсекеге ойнап, жеңіп те үлгерді. Өміріндегі ең қуанышқа толы күн осы күн тәрізді. Үйіне келіп, үстел басында шайды сораптап отырып, әкесіне тіл қатты.

– Әке, бүгін футболдан біздің команда жеңіске жетті, енді жеңілгендерге кез келген талап қоямыз, – деп қуанышы қойнына сыймай сөйледі.

– Е-е, жарайсың балам, өзіме тартқаның көрініп тұр. Кезінде менің аяғым алтын аяқ еді ғой, бір добым қысық кетпейтін, – деп әкесі басынан өткен көп қызықтарын айтып берді.

Бөлмесіне келіп, бұл жолы күнделігіне ештеңе жазбады. Келесі күні, қайтадан осы күн болып шықты. Осы күнді кешігіп көңілдірек өткізді. Бүгін күнделігіне жазуды бастады: «Қымбатты күнделік, ең әуелі, тіпті неден бастарымды білмеймін. Бұл бір ғажайып болды, бір күнді осымен бесінші күн сүріп жатырмын. Бірақ әр күн сайын жаңа ой түйіп отырдым. Осы уақытқа дейін басқаларды кінәлап, бос әурешілік қылған екем. Бүгінгі болған әссесе өз ойымды ашық жаза алдым. Өмірдің мәні ол өзінде, өзіңнің іс-әрекетінде жатыр. Өмірді қызықты немесе көңілсіз сүруің тек қана өзіңе байланысты екенін түсіндім», – деп аяқтап, бүгін көңілі жайбарақат болып ұйықтады.

Таңғы сағат 7:50. Алтынбек ұйқыдан тұра бірден сағатқа қарады. Ол киініп, жуынып жатып қайтадан осы күнді өткіземін деп ойлап, үйінен шығып кетті. Жайлап мектепке де жақындады, жолда тірі жан жоқ. Кешегі күн кешегі болып қалғанына қуанып, сабағына қуанышпен кіріп кетті...

Айғаным АХУНБАЙ,

9 сынып оқушысы.

Пенжім ауылы.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плот» баспаханасында басылды. Оффсеттік басылым.
Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №128

